



КҮЗГІ КАНИКУЛ
ҚЫЗЫҚТАРЫ

7-БЕТ | БІЛІМ



ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК:
ҮРЕЙ МЕН ҮМІТ

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



АЛАЯҚТЫҚ
АЛГОРИТМІ

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз. Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық.

№131
(4719)
Сенбі
2 қараша
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

Астанада бос жатқан жерлер мен сүрілген ескі үйлердің орнында көптеген жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Биыл елорда аумағында 170 аула, саябақтар, гүлзарлар және желекжолдар абаттандырылды. Осы аптада «Керуен» сауда, ойын-сауық орталығы жанында тағы бір ерекше қоғамдық кеңістік ашылып, тұрғындар игілігіне берілді.

ЖАЙЛЫ ҚАЛА АУЛАДАН БАСТАЛАДЫ

4

NEO NOMAD ВИЗАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Neo Nomad деп аталатын жаңа виза түрі енгізілді.

Бұл виза қашықтан жұмыс істейтін туристерге, яғни бағдарламалау, маркетинг, қаржы, консалтинг, дизайн және электронды коммерция сияқты түрлі салада қызмет ететін шетелдік азаматтарға арналған. Виза иелерінің бір жылға дейін Қазақстанда тұруға мүмкіндігі бар. Осы уақыт ішінде олар шетелдік компанияларда жұмыс істей алады. Бұл шетелдік туристерге Қазақстан мәдениеті мен тұрмысын жақынырақ

тануға мүмкіндік берсе, елге экономикалық пайда әкеледі деп күтілуде. Neo Nomad визасын алу үшін шетелдік азамат Қазақстаннан тыс жерде тұрақты кірісінің бар екенін дәлелдеуі керек, оның мөлшері айына кемінде 3000 АҚШ долларын құрауы қажет. Сонымен қатар негізгі кіріс талаптарынан басқа, шетелдік өтініш берушіге медициналық сақтандыру және соттылығының жоғы туралы анықтама талап етіледі.



«КОКТАЛ» ЖӘРМЕҢКЕСІ ШАҚЫРАДЫ

Елордада демалыс күндері ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі жалғасады.

Бүгін, 2 қарашадан басталатын азық-түлік жәрмеңкесі Н.Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайында орналасқан «Koktal» сауда орталығында ұйымдастырылады. Жәрмеңкеге бірқатар өнімдердің фермерлері мен тауар өндірушілері өз өнімін әкеледі. Жәрмеңке әр демалыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін өтеді.

1 қарашадан бастап Астанадағы экспресс автобустарға айлық жол жүру билеті қолданысқа енеді.

Қала ішінде қатынайтын автобустармен жүрудің айлық билеті 10 мың теңгеден, қала іші мен қала маңына қатынайтын автобустарда жүрудің айлық билеті 13500 теңге болмақ. Бұл билеттерді «City Transportation Systems» ЖШС кассаларынан немесе банкетердің ұялы қосымшалары арқылы онлайн сатып алуға болады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 530.54 \$ USD/KZT 488.26 ₸ RUB/KZT 5.03 ¥ CNY/KZT 68.59

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Төлен ТІЛЕУБАЙ

35 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық менеджментті дамыту институтының (IMD) мәліметіне сүйене отырып, еліміз әлемдегі бәсекеге қабілетті 35 мемлекеттің қатарына қосылғанын айтты.

«Біз 2029 жылға қарай шетелден қосымша 150 миллиард доллар тікелей инвестиция тартамыз деген өршіл мақсат қойдық. Бұл міндетті іске асыру үшін Үкімет жанындағы Инвестициялық штабқа туындаған проблемаларды жедел шеше алатын құзырет берілді. Биыл мамыр айында ұлттық экономиканы ырықтандыруға негіз қалаған Жарлыққа қол қойдым. Біз елімізде инвесторлардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі шаралар қабылдауды жалғастыра береміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің минералды-шикізат қоры мол екенін жеткізді. Сондай-ақ геологиялық барлау және пайдалы қазбаларды игеру саласындағы үдерістердің тиімділігі мен ашықтығын арттыру шаралары жөнінде мәлімет берді. Президенттің айтуынша, Қазақстан соңғы 6 жылда геологиялық барлауға 1 миллиард доллардан астам жеке инвестиция тартқан.

Қазір еліміздегі 1,6 миллион шаршы шақырымға жуық аумаққа геологиялық зерттеу жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға болады.

«Жақында қабылданған 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары жергілікті өндірушілерге тың мүмкіндік ұсынады. Жалпы сомасы 86 миллиард доллардан асатын 200-ге жуық ірі инфрақұрылымдық жоба іске асырылмақ. Үкімет жергілікті өндірушілерден офтейк-келісімшарттар арқылы сатып алуға арналған тауарлар тізімін жасақтап жатыр. Өнеркәсіп өркендеуі үшін жоғары білікті жұмысшылар қажет. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Біз Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды дамытуға ниетті инвесторларды іздейміз» деді Президент.

100 МЛН ТОННА МЕЖЕДЕН АСЫРАМЫЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика секторындағы жағдайды айта келе, ел дамуында халықаралық мұнай компаниялары маңызды рөл атқарғанына айрықша тоқталды.



ШИК — МАҢЫЗДЫ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 36-пленарлық отырысын өткізді. Президент жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, кеңестің инвестициялық климатты жақсартуға қатысты мәселелерді талқылайтын маңызды диалог алаңына айналғанын атап өтті.

«Шетелдік инвесторлар елімізге капитал құйып, озық технологиялары мен жоғары білікті мамандарын әкелді. Олардың инвестициясы отандық энергетика саласының дамуына оң ықпал етті: кейінгі 30 жылда мұнай өндірісі үш есе артты. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде Қазақстан мұнай өндіру қарқыны жоғары мемлекеттердің үздік бестігіне кірді. Болашақта біз бұл межені жылына 100 миллион тоннадан асыруды көздеп отырмыз» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, мұнай химиясы өнеркәсібін өркендету Қазақстан экономикасын әртараптандыруға зор үлес қосады.

«2022 жылы өндірістік қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен шығаруға жететін Орталық Азиядағы ең ірі зауытты іске қостық. Қазіргі уақытта бұл кәсіпорын ішкі сұраныстың шамамен 60 пайызын өтеп отыр әрі өз өнімін Еуропа, Түркия және Қытай нарықтарына экспорттайды. Биыл қыркүйек айында жылына 1,2 миллион тонна полиэтилен өндіретін зауыт құрылысы басталды. Бұдан бөлек, мұнай химиясы

саласында жалпы құны 14 миллиард доллардан асатын бірқатар жоба пысықталып жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЗАҚМЕРЗІМДІК ИНВЕСТИЦИЯ – АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Мемлекет басшысы «таза энергетика» секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселесіне айрықша тоқталды. Атап айтқанда, Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру үшін Total, Svevind, ACWA Power және Masdar сияқты әлемдік компаниялармен нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұдан бөлек, Қазақстан атом энергетикасын дамыту ісінде мол әлеуетке ие.

«Біз уран өндірісі бойынша әлемдегі ірі елдердің санатына кіреміз. Өздеріңізге мәлім, жақында өткен жалпыұлттық референдумда азаматтарымыз Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясының құрылысын қолдады. Бұл бастаманы энергетикалық қауіпсіздігімізге салған ұзақмерзімді инвестиция деуге болады. Қазіргі кезде осы жобаны жүзеге асыру үшін

халықаралық консорциум құру мүмкіндігін қарастырып жатырмыз» деді Президент.

100 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Инвесторлардың назар аударуына лайық саланың бірі – агроөнеркәсіп секторы.

«Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту Орталық Азия аймағының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан стратегиялық басымдық саналады. Елімізде ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектардан астам жер бар, бұл ретте әлемде алтыншы орындамыз. Кейінгі 6 жылда саладағы экспорт көлемі екі есе ұлғайып, 5 миллиард доллардан асты. Біз агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық секторға айналдыруды көздейміз. Осы орайда, шетелдік инвесторлардың үлесі бар құны 5 миллиард доллардан асатын 100-ден астам жоба қолға алынады» деді Мемлекет басшысы.

Көлік және логистика секторында Қазақстан Еуразиядағы негізгі тасымал торабы ретінде өз позициясын нығайтуға ниетті. Елімізде 11 мың шақырым ескі

темір жолды жөндеу және 5 мың шақырымнан астам жаңа темір жол салу жоспарланған. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытудың маңызы зор. Сондықтан жаңа жүк терминалдарын салу мен кеме өндірісін жолға қою арқылы Орта дәліз инфрақұрылымын дамыту үшін инвестиция тартуға баса назар аударылады.

ЦИФРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫ ІСКЕ ҚОСАМЫЗ

Президент өз сөзінде инвесторлар құқығын қорғау және реттеушілік саясатты дамыту мәселелеріне ерекше мән берді. Мемлекет басшысы сот және құқық жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңғыртулар қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталғанын айтты. Сонымен қатар Үкімет пен инвесторлардың өзара қарым-қатынасын цифрландыру аясы кеңейіп келеді. Жыл соңына дейін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа толық жұмыс істегенде, жобалардың жүзеге асырылу барысын нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік туады.

Жаңа Салық кодексі машиналар, құрал-жабдықтар және бағдарламалық жасақтамалар сатып алуға жұмсалған шығындарды шегеретін салық префе-

ренцияларын бекіту арқылы инвестициялық кезеңді жандандырады.

Еліміз қаржы секторындағы ынтымақтастық аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне ерекше мән береді. АХҚО – әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының озық тәжірибесін меңгерген Орталық Азия өңіріндегі бірегей мекеме.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға, жаңа бастамалар мен нақты жобаларды жүзеге асыруға бағытталған Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшелері мен мемлекеттік органдар арасындағы диалогты жалғастырудың маңызына назар аударды. Сонымен қатар жиында Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, «Қазақстанның шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының басқарма төрағасы Ерлан Досымбеков, CNPC вице-президенті Чжан Даовэй, Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузов, Alstom компаниясының Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия өңірлері бойынша президенті Эндрю Делеони, «Лукойл» ЖАҚ бас атқарушы директоры Вадим Воробьев сөз сөйледі.

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 36-пленарлық отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен кездесу өткізді.

Әңгімелесу барысында тұрғын үй-коммуналдық секторы, шағын және орта бизнес, қаржы, энергетика, медицина, ауыл шаруашылығы, көлік инфрақұрылымы және ақпараттық технология сияқты экономиканың түрлі салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Еуропалық қайта құру және даму банкімен ынтымақтастықтың стратегиялық сипатын, сондай-ақ қаржы инсти-

тутының Қазақстан экономикасын өркендетуге қосқан үлесін жоғары бағалады.

Өз кезегінде ЕҚДБ президенті еліміздің орнықты дамуына, инвестициялық ахуалының жақсаруына және экономикалық жаңғыруына әсер ететін өзара ықпалдастықтың әлеуетті бағыттарына қатысты жоспарымен бөлісті. Одиль Рено-Бассо банк Қазақстанның инвестициялық жобаларын мұқият зерделейтінін жеткізіп, инфрақұрылымдық дамуды

алдағы уақытта да қолдауға ниетті екенін мәлімдеді. ЕҚДБ таяу жылдары «жасыл экономика» талаптарын орындау аясында елімізге 2 миллиард еуро құюды жоспарлап отыр. Биыл Еуропалық қайта құру және даму банкі Қазақстандағы 22 жобаны жүзеге асыруға 650 миллион доллар бөледі.

ЕҚДБ президенті «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының сатып алу үдерісіне оң баға берді. Оның айтуынша, кредитор-компаниялардың қор ережесіне сәйкес жұмыс істеуі аталған сатып алу үдерісінің ашықтығына сенім жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Одиль Рено-Бассо жаһандық экономиканың дамуына қатысты өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Microsoft компаниясының Орталық Еуропа мен Орталық Азиядағы президенті Мишель Симмонсты қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Microsoft компаниясының IT-индустрияны дамыту және стартаптар үшін толық экожүйе құру бағытындағы ынтымақтастығының перспективасы талқыланды.

Президентке Microsoft компаниясының Қазақстандағы кеңсесі қайта құрылымдалып, Орталық Азия, Әзербайжан, Армения, Грузия, Моңғолия және Пәкістан елдерін қамтитын мультиөңірлік хабқа айналғаны жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы елімізде жасанды интелект саласына қатысты заңнама әзірленіп жатқанын айтты. Басты мақсат – инновацияны дамыту және экономикалық өрлеу

ірі компанияның Қазақстандағы қызметінің нәтижесі жөнінде мәлімет беріліп, алдағы уақытқа арналған жоспары таныстырылды. Президентке Solidcore Resources plc компаниясы Павлодар облысында «Ертіс ГМК» жаңа гидрометаллургия кешенінің құрылысын бастағаны жөнінде баяндалды. Болашақ зауыт жылына 300 мың тонна концентрат шығара алады. Құрамындағы алтынның үлесі 98 пайызға жуықтайтын Доре

құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ таяу арада жаңа дәрілік препараттар өндірісін іске қосу жоспары таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның фармацевтика индустриясындағы ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту және оқу бағдарламаларын енгізу маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен өңірлерге қажетті



үшін ЖИ әлеуетін пайдалану. Келесі жылы Жасанды интелект ұлттық орталығын ашу жоспарланып отыр. Аталған кешен Қазақстандағы цифрлық трансформацияға қажетті негізгі инфрақұрылымға айналмақ. Мишель Симмонс Microsoft компаниясы цифрлық даму мақсатында Қазақстан тарапымен нәтижелі ықпалдастықты одан әрі жалғастыруға бейіл екенін атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Solidcore Resources plc компаниясының бас атқарушы директоры Виталий Несисті қабылдады. Мемлекет басшысына бағалы және түсті металдарды барлау, игеру және қайта өңдеумен айналысатын

құймасын шығару жоспарланып отыр. Сондай-ақ Виталий Несис Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қарағандыда геологиялық зертхана салу жоспарын таныстырды.

Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысы аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Polpharma компаниясы бақылаушылар кеңесінің төрағасы Ежи Старакты қабылдады. Кездесуде әлемдегі жетекші фармацевтикалық компанияның Қазақстан мен Орталық Азиядағы қызметін кеңейту мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысына компанияның сапаны бақылау зертханасы мен ғылыми-зерттеу сынақ орталығының

дәрі-дәрмектерді жедел жеткізіп бергені үшін польшалық инвесторға алғыс айтты.

Кездесу соңында Ежи Старак Қасым-Жомарт Тоқаевқа екі кітап сыйға тартты. Оның біріншісі Polpharma компаниясының демеушілігімен түсіріліп жатқан деректі фильмге арналған. Бұл фильмде Бекет ата, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб кесенелері, Таңбалы петроглифтері мен Ботай қонысы секілді Қазақстанның киелі жерлері таспаланған. Екінші кітап – қазақтың белгілі жазушысы, Польшаны басқыншылардан азат етуге қатысқан майдангер Кемел Тоқаев туралы ғұмырбаяндық жинақ. Бұл басылым Польша-Қазақстан тарихы комиссиясының қолдауымен әзірленді.

1 ҚАРАШАДАН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРДІ?

Астанада 1 қарашадан бастап электр қуатының тарифі өседі. Мәселен, «Астана Энергия» АҚ 1 кВт/сағатқа төленетін сома 8,49 теңгеден 9,28 теңгеге қымбаттайтынын хабарлады. Бұдан бөлек, бірнеше облыста тариф ұлғаяды.

Нақты айтсақ: «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз 1-ГРЭС» ЖШС тарифі 1 кВт/сағатқа 8,05 теңгеден 8,27 теңгеге дейін; «Еуразия энергетикалық корпорациясы» АҚ-та – 7,40 теңгеден 7,98 теңгеге дейін; «Қазақстан алюминии» АҚ-та – 6,05 теңгеден 7,87 теңгеге дейін; «Степногорск ЖЭО» ЖШС-те – 22,58 теңгеден 28,97 теңгеге дейін; «Жаңажол ГТЭС» ЖШС-те – 11,44 теңгеден 11,85 теңгеге дейін; «3-Энергоорталық» АҚ-та – 13,79 теңгеден 15,09 теңгеге дейін; «ТНК «Казхром» АҚ-та 7,59 теңгеден 10,67 теңгеге дейін артады.

11 қарашадан бастап шоғырландырылған төлем тап-

сырмасы күшіне енеді. Бұл тетік салық төлеушілердің жұмысын жеңілдетуге арналған. Қысқаша айтсақ, бірнеше салықтың түрін бір ғана құжатқа енгізу арқылы біріктіріп төлеуге мүмкіндік беріледі.

11 қарашада әуежай мен вокзалдарда қазақстандықтардың электронды құжаттарын заңды құжат деп қабылдау туралы ұсыныс қоғамдық талқылаудан алынады. Қандай шешім қабылданатыны сол кезде белгілі болады. Бұл өзгеріс электронды құжаттардың қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған.

14 қарашадан бастап мұнай-дан сұйытылған газды Қазақстан аумағынан автокөлік арқылы

және теміржолмен сыртқа шығаруға тыйым салу туралы Энергетика министрлігінің бұйрығы күшіне енеді. Бұл – елдің ішкі қажеттіліктерін өтеу үшін қабылданған шешім. Шектеу 6 айға межеленген. Бірақ бұл тыйымның транзиттік тасымалға қатысы жоқ. Яғни экспорттың бастапқы нүктесі Қазақстан болмауы керек.

30 қарашада жазғы дөңгелекпен жүру маусымы ресми аяқталады. Яғни 1 желтоқсаннан бастап қысқы дөңгелексіз жүрген көлік иелеріне 5 айлық есептік көрсеткіш (18460 теңге) айыппұл салынады. Қысқы дөңгелекпен жүру маусымы 1 наурызға дейін жалғасады.



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

«Ақорда» резиденциясында 4 мемлекеттің жаңадан тағайындалған төтенше және өкілетті елшілерінің, сондай-ақ Еуропа Одағы өкілдігі басшысының Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Мемлекет басшысына Франция елшісі Сильван Гиоге, Еуропа Одағының елшісі Алешка Симкич, Финляндия елшісі Янне Хейсканен, Канада елшісі Кристофер Дагган, Бразилия елшісі Марсель Фортуна Биато сенім грамоталарын тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілермен жүздесу барысында

Қазақстан бейбіт дипломатия қағидатын ұстанатын ел екенін әрі халықаралық аренадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса алатынын атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымымен жаһандық және өңірлік қауіпсіздік

мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға бейіл екенін растады. Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.

ЖОСПАР АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты бекіткен 2023-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында 186 іс-шараның орындалуы көзделіп отыр.

«Кешенді жоспар аясындағы 183 іс-шара «Инфрақұрылымды дамыту» бағыты бойынша, ал қалған 3 іс-шара «Кадрлық әлеуетті дамыту» бағыты бойынша жүзеге асады. Бүгінгі таңда 5 нысанда жөндеу жұмысы аяқталды, ал 2 нысан – №3 қалалық емхана мен №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында жөндеу жұмысы жүргізілуде» деп атап өтті Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Жалпы елордада денсаулық сақтау нысандарын салу мен қайта құру шеңберінде 22 нысанды, соның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 көпбейінді аурухана, 9 емхана, №2 қалалық көпбейінді аурухананың акушерлік және клиникалық блоктары арасындағы қабылдау-диагностикалық кешен, №8 қалалық емхананың ересектер мен балалар



корпусын жалғайтын өткел, патологоанатомиялық бюро, медицина қызметкерлеріне арналған 5 жатақхана салу және №2 көпбейінді қалалық балалар ауруха-

насын қайта құру жұмысы қамтылған. Қазіргі уақытта патологоанатомиялық бюро мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы маңындағы емхананың құрылысы аяқталды.



ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек бастаған депутаттар қалалық Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасына қарасты «Astana Innovations» АҚ қызметкерлерімен кездесіп, жұмыс барысымен танысты.

Кездесу барысында бірнеше маңызды мәселе талқыланды. Атап айтқанда, 2024 жылдың 10 айының жұмыс нәтижелері сараланып, 2025-2027 жылдарға арналған бюджет лимиті жоспарланды. Мекеменің негізгі базасы танысты-

рылды. Соның ішінде желілік «Smart Astana» қосымшасы мен «Astana kz» порталының қызметтері, әскери-медициналық комиссиялардың цифрлы нұсқасы көрсетілді. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Ситуативті ор-

талығының жұмысы да таныстырылды.

Астана қаласы әкімдігінің 911 қызметінің барлығы цифрландыруды қажет етеді. Жыл сайын 100-200 функцияны цифрландыра отырып, бұл процесті алдағы 3-5 жыл ішінде аяқтау жоспарланған.

Кендебай Адамбек өз сөзінде медициналық мекемелерде қолданылып жатқан 22 бағдарламаны бір жүйеге келтіру қажеттігін тапсырып, елордадағы цифрландыру жұмысы бойынша үш жылдық жол картасын әзірлеу мен бекітуді ұсынды.

АСТАНА – WTA РЕСМИ МҮШЕСІ



Бас қала 30 қазан күні Visit Astana туристік бренді ретінде Дүниежүзілік туристік альянстың (WTA) ресми мүшесі болды. Астананың халықаралық ұйымға кіруі Қытайдың Хайнань провинциясының Санья қаласында 29 қазан мен 1 қараша аралығында ұйымдастырылған WTA Xianghu Dialogue 2024 халықаралық туристік форумы аясындағы WTA Annual Meeting аясында өтті.

Астана WTA-ға кіру арқылы туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтады және Қазақстан астанасының туристік әлеуетін жаһандық деңгейде дамыту үшін жаңа перспективалар ашады. 2024 жылы WTA-ға 22 жаңа ұйым қосылды. Астана Дүниежүзілік туристік альянстың жаңа мүшесі ретінде халықаралық туризмді дамыту және шетелдік қонақтарды тарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, Қазақстанның әлемдік туристік аренадағы тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Xianghu Dialogue 2024 форумы 1 қарашаға дейін жалғасты, оның барысында әлемнің 45 елінен келген туристік индустрия мен халықаралық ұйымдардың жетекші өкілдері қазіргі экономикалық үрдістер мен туризмнің жаңа бағыттарын талқылайды. Биылғы форум қатысушыларды туризм индустриясының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талқылауға шақыратын «Geared Up for a New Venture – The Future is Now» тақырыбымен өтіп жатыр. Негізгі тақырыптарға мыналар жатады:

туризмді тұрақты дамыту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту, елдер арасындағы туристік өзара іс-қимылды кеңейту, сонымен қатар туристік индустриядағы инновациялар мен «жасыл» технологиялардың рөлі. Дүниежүзілік туристік альянс – Қытайда құрылған халықаралық ұйым, ол ұлттық және аймақтық туристік бірлестіктерді, туристік компанияларды, дестинацияларды, ғылыми-зерттеу институттарын, БАҚ және басқа да мемлекеттік, жеке туристік субъектілерді біріктіреді.

Қазіргі уақытта WTA-ға 44 елден 242 мүше, оның ішінде 45-тен астам салалық қауымдастық, 80 ірі туристік компания және 14 оқу орны бар. WTA мүшелеріне CNN International, Qatar Tourism, Los Angeles Tourism&Convention Board, Japan Airlines, United Airlines, Hyatt Hotels, Aeroflot, Airbnb және басқа да танымал ұйымдар кіреді.

«КЕРУЕН» ЖАНЫНДА – ЖАҢА ГҮЛЗАР

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында елордада жаңа гүлзар салынғанын айтты. Жаңа қоғамдық кеңістік «Керуен» сауда, ойын-сауық орталығы жанында пайда болды.



– Елордамызда бос жерлерге жайлы қоғамдық кеңістіктер абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Мемлекет

басшысының тапсырмасы аясында биыл 170 аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар)

абаттандырылды. Мәселен, осыған дейін тұрғындармен өткен кездесулерде «Керуен» СОО маңындағы бос тұрған алаңды абаттандыру жөнінде уәде берілген болатын. Аталған жер учаскесі жылдар бойы бос тұрды. Қазір осы аумақты абаттандыру жұмысы аяқталып қалды. Жаңа алаң қалалық орман тұжырымдамасын бейнелеп, табиғат қалалық ортамен әдемі үйлесетін жасыл бұрышқа айналды. Мұнда қазірдің өзінде 600-ден астам биік ағаш отырғызылды, олар айналасын көлеңкелеп, кеңістікті көгалдандыра түседі. Ландшафты жылдың кез келген уақытында көрікті әрі әдемі етіп жандандыру үшін көктемде бұл жерге тағы 28 мың көпжылдық бұта отырғызу жоспарланып отыр, – деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Қазір жұмыс аяқталу сатысында: ойын алаңдарын, орындықтарды, қоқыс жәшіктерін және кортен болаттан жасалған тіреу қабырғаларын орнату өзіндік әдемілік беріп қана қоймай, ұзақ уақытқа шыдамды болады. Жаңадан ашылған жасыл мекен қала орталығында елорда тұрғындары мен қонақтарына тыныштық сыйлап, демалуға және серуендеуге болатын жаңа орынға айналады.

Жолтар жобасы аясында елордада «Май ауыстыру пункті және шиномонтаж» жаңа тегін курсы басталды.

ЖОЛТАР ТАҒЫ БІР КУРСЫН БАСТАДЫ

Курс оқытушысы Ербол Ділдабаевтың автомобиль сервисі саласында 15 жылдық тәжірибесі бар. Қазіргі уақытта ол Жолтар жобасымен бірлесе елорда тұрғындары үшін арнайы курс әзірлеген «OilBT» сервисер желісінің атқарушы директоры қызметін атқарады.

«Бағдарлама уақытпен тексерілген және жұмыс берушілердің барлық талабына сәйкес келеді. Курс мерзімі – 15 күн, оның ішінде 2 күн теорияға, 12 күн практикаға және 1 күн аттестаттауға арналған. Оқу бағдарламасына қауіпсіздік техникасы, еңбек негіздері, май мен жабдықтың түрлері, мотор майының түрлері, сұйықтықтар мен сүзгілердің түрлері, іштен жану қозғалтқышы мен беріліс қорабының жұмыс істеу принципі, шиномонтаж негіздері және тағы басқа негізгі модульдер кіреді» дейді Ербол Діл-

дабаев бағдарламаның Instagram-дағы ресми парақшасында.

Оқу қорытындысы бойынша түлектердің курсты аяқтағаны туралы сертификат алуға және алған білімінің көмегімен машиналарға қызмет көрсету бойынша өз сервисін ашуға мүмкіндігі бар. Май ауыстыру және шиналарды монтаждау – бұл сұранысқа ие бағыттар. Нарықтағы жалақы 400-500 мың теңгені құрайды. Оқыту елорда тұрғындары үшін офлайн форматта өтеді. Қысқамерзімді курстарға «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде жазылуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, Жолтар әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асуда. Жоба халықтың табысын арттыруға және жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған.

БАЛАЛАР ҚҰРЫЛТАЙЫ КӨШБАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы аясында Астана қаласы мәслихаты депутаттарының «Әрекет ету уақыты» атты оқушылардың өзін-өзі басқару республикалық балалар құрылтайы көшбасшыларымен кездесуі өтті.



Аталмыш кездесудің мақсаты – мәслихат депутаттары мен жастар арасында байланысты нығайту, балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік бастамаларға белсенді қатысуға жағдай жасау.

Мектеп парламенттерінің президенттері, Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының төрағалары қатысқан жиында жастарды және оқушыларды ойлантатын өзекті мәселелер талқыланды. Мәслихат депутаттары жергілікті өкілді органның жұмысымен таныстырып, тәжірибелерімен бөлісті.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Асқар Смағұлов оқушыларды уақыттың тиімді пайдалануға, ойлап тапқан жобаларын ұсыну-дан тартынбауға, сұрақтарды қоюға, ойландыратын мәселелерді үлкендермен талқылаудан қысылмауға шақырды. Осындай кезде-

сулер жастар мәселелеріне бойлауға, оларды қала деңгейінде шешуге септесетінін атап өтті.

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек қалалық мәслихаттың жұмысымен таныстырып, елорданы сумен қамтамасыз ету бағытындағы белсенді жұмыстар туралы әңгімеледі. Сондай-ақ қалалық мәслихат қаланы жылумен қамтамасыз ету мәселелеріне мұқият қарайтынын жеткізді.

Қалалық мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Азамат Айтхожин есірткі бизнесімен күрестің жанында тоқталып, нашақорлық дерті туралы әңгімеледі.

Мөлдір ЛЕЗБАЕВА

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛДЫ

Алматы және Байқоңыр аудандарының учаскелік инспекторлары рұқсат етілмеген жерлерде кальян шегуге қатысты 50-ден аса деректі анықтады.

Қалалық Полиция департаменті хабарлағандай, Байқоңыр ауданы аумағындағы дәмхананың әкімшісіне әкімшілік жаза қолданылды. Кальян қоспасын тұтынуға салынған тыйымды бұзғаны үшін әкімшілік хаттама толтырылып, факті расталды. Мұндай заң бұзушылық іс-әрекетке барған адамға 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Полиция қызметкерлері тексеру барысында кальян тартқан адамның жалпы залда заң бұзушылық әрекет жасағанын анықтады.

Биыл 16 қыркүйектен бастап елорда аумағында «Учаске» атты жедел заң бұзушылықтардың алдын алу іс-шаралары өтіп келеді. Осы уақыттан бері 11 мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, соның ішінде 243 ұсақ бұзақылық фактілері бар. 1 мыңға жуық адам қоғамдық орындарды ластағаны үшін жауапқа тартылды. Сондай-ақ алкогольдік ішімдіктер ішіп, қоғамдық орындарда мас күйінде жүргені үшін 1200 адам жаза-ланған.

ТАЗА ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ҮЙ ҚАЙСЫ?



Елордада тазалыққа бағытталған Taza Astana байқауының жеңімпаздары анықталды. Сондай-ақ үздік газ қызметкері мен лифтердің есімдері белгілі болды.

Жоба жетекшісі Гүлвира Әбетованың айтуынша, Taza Astana қанатқақты жобасы тестілеуден өтіп, өзінің тиімділігін дәлелдеді. Бұл процеске елордалық мәслихат депутаттары белсенді ұйымдас-

тырушылар әрі экологиялық комиссиялардың мүшелері ретінде қатысты. Олар критерийлерді белгілеп, қатысушыларды бағалау үшін тұрғын үйлерді аралап шықты. Гүлвира Әбетова байқау ел

мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына арналғанын және жобаға қатысу ерікті болғанын, өтінім берген көптеген ниет білдіруші қанатқақты кезеңге қатысқанын атап өтті. Жоба іске асырылған кезде оған жаңа қатысушылар қосылды. Ұйымдастырушылар тұрғындармен тазалық мәселелерін пысықтады, анимациялық бағдарламалар ұйымдастырды және байқау критерийлерін қалыптастырды, бұл қаланың өзге де тұрғындарының назарын аударды.

– Марапаттау үшін іріктеу критерийлерге толық сәйкестікке негізделді, онда көрсеткіштердің 100 пайыз рейтингте жоғары болды. Критерийлерге сәйкес келмейтін, бірақ жақсарту сатысында тұрған үйлер келесі жылы жарамды болуы мүмкін. Taza Astana жобасы жалғасуда және болашақта оған жылу пункттері мен электр қалқандары сияқты жаңа нысандар қосылады. Болашақта қатысушылар өз үйін цифрлық платформа арқылы бағалай алады, – деді жоба жетекшісі.

Ол жобаны масштабтау тұрғындарға жүйені өз үйлерінде сынауға, кейін тек толық дайындалған нысандарды бағалау үшін комиссия шақыруға мүмкіндік беретінін түсіндірді.

Байқау қорытындысы бойынша Ш.Құдайбердіұлы даңғылы, 29/1 МИБ, «Мадрид 1» МИБ, «Жаңа әлем» Б блогы МИБ, «Сәулет» ТК МИБ маңындағы аулалар «Үздік аула» номинациясын жеңіп алды. Ж.Нәжімеденов көшесі, 10, F1 блогында орналасқан «F1 Премиум» МИБ-і «Таза үй» атауына ие болды. Ал Ж.Нәжімеденов көшесі, 10/1 мекенжайда орналасқан «Ж.Нәжімеденов, F2» МИБ-і «Жайлы үй» атағын иеленді. Динара Орынбаева, Зәуреш Әбдиева сынды МИБ төрағалары «Үздік басқарушы» атанса, «Алматы сити» ТК» МИБ, «Жарық» МИБ «Қауіпсіз үй», Сергей Савельев «Үздік газ қызметкері» және Сергей Шестаков «Үздік лифт қызметкері» номинациялары бойынша марапатталып, іс-шара барысында жеңімпаздарға құрылыс материалдарына сертификаттар табысталды.

«САРЫАРҚАДА» ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Сарыарқа ауданындағы «Агрогородок» тұрғын алабының Юбилейная көшесі, 22 мекенжайында жалпы аумағы 3500 шаршы метрден асатын жаңа қоғамдық кеңістік бой көтерді.



Аудан әкімдігінің мәліметінше, кеңістікті абаттандыру аясында әртүрлі жастағы балаларға арналған ойын алаңдары абаттандырылды. Тұрғындардың жайлылығы үшін орындықтар, қоқыс жәшіктері жайластырылды. Ал спорт сүйер қауымға workout- аймақтар

жасақталды. Кешкі уақытта адамдардың қауіпсіздігі және жайлылығы үшін 27 жарықтандыру бағанасы орнатылған. Қоғамдық кеңістік аумағында көгалдандыруға ерекше назар аударылып, бұл маңға 6 метрлік шырша және 110-нан астам жасыл желек отыр-



ғызылды. Олар үшін суару жүйесі де орнатылған.

«Бұл жаңа қоғамдық кеңістік – қараусыз қалған аумақтарды тұрғындар игілігі үшін абаттандырылған аймаққа айналдырудың жарқын мысалы» деп жазылған әкімдік хабарламасында.

АЯЛДАМАЛАР ЖАҢҒЫРДЫ

Бұрын тек жол белгілері тұрған «Үркер» тұрғын алабының 19 аялдмасында толыққанды аялдамалар орнатыла бастады.

Демеушілік қолдау Шота Руставели көшесінен бастап көлік инфрақұрылымын жақсартуға көмектесті. Меценаттардың арқасында №66 маршрут бойында аялдама павильондары орнатылды. Енді желіге төзімді павильондар қар, жаңбыр не-

месе жел болсын, кез келген ауа райында адамдарға қызмет етеді. Сонымен қатар тұрғындарға ыңғайлы болу үшін ауданның шағын және орта бизнес өкілдерімен басқа да қажетті жерлерге аялдамалар орнату бойынша келіссөздер жүргізілуде.



ШЕТ АЙМАҚТАР КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Биыл елорданың Байқоңыр ауданында 7 қараусыз бос кеңістік кешенді абаттандырылып, орнына балалар ойын алаңдары жайластырылды.



Абаттандыру барысында ауданның шет аймақтарына баса назар аударылғанын айта кеткен жөн. Аталған 7 кеңістіктің 6-уы ауданның шет аймақтарындағы тұрғын алаптарда болса, 1-еуі ауданның орталық бөлігінде орналасқан. Мәселен, Толстой-Абыралы көшелерінің қиылысында бой көтерген қоғамдық кеңістік аумағында тұратын отбасылардың 2000-ға жуық баласы бар. Осыған дейін бұл учаскеде тұрғындар демалысы мен балалар үшін ойын алаңы болмаған. Сондай-ақ бұл учаске ауданның орталық бөлігінде орналасқанмен, көктемде қар суы, қыста жаңбыр суы жиналатын балшықты бос кеңістік болған.

Бүгінде тұрғындардың игілігіне, балалардың қуанышына орай аталған алаң кешенді абаттандырылып, жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Сонымен қатар Байқоңыр ауданының тұрғын алаптарындағы 6 учаскеде осы сияқты бос кеңістіктерді кешенді абаттандыру, орнына балалар ойын алаңдарын жайластыру жұмысы жүргізілді. Осылайша биыл «Өндіріс» тұрғын алабындағы Құрманғазы мен Тайбурыл көшелері, «Қояндық» саяжай алқабындағы орталық алаң, «Кирпичный» тұрғын алабындағы Көксеңгір көшесі, «Қазқалашық» тұрғын алабындағы Қарақұм көшесі, «Мұнайшылар» ауылындағы ал-Фараби көшесі абаттандырылды.

Елордадағы «Жастар» саябағы абаттандыру бағдарламасы аясында айтарлықтай өзгерді.

«ЖАСТАР» САЯБАҒЫ ӨЗГЕРДІ

Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, Ақбұлақ өзенінің жағасында, «Сана» спорт кешеніне қарама-қарсы орында орналасқан «Жастар» саябағы демалыс уақытын өткізуге жаңа мүмкіндік ұсына отырып, бұрынғыдан да жақсара түсті. Енді мұнда памп-трек, скейт-парк, жаңа ойын алаңы пайда болды. Сонымен қатар саябақ аумағында заманауи «Сана»

спорт кешені жұмыс істейді, ол әртүрлі спорт түрімен және физикалық белсенділікпен айналысуға мүмкіндік береді. Саябақтың бұлай түрленуі және спорт кешенінің интеграциясы аумақтың дамуындағы жаңа кезеңді бейнелейді. Бұл – жасыл аллеяларда серуендеуге, спорт іс-шаралары мен отбасы демалысын ұйымдастыруға таптырмайтын кеңістік.



ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ АЛДЫН АЛ!

Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері өрттің алдын алу мақсатында көппәтерлі тұрғын үйлерді аралап, өрт қауіпсіздігін тексерді.

Өрт сөндірушілер алдымен Ш.Құдайбердіұлы даңғылы, 36/2 мекенжайында орналасқан көппәтерлі тұрғын үй кешенінде болып, тілсіз жаудың алдын алу іс-шарасын ұйымдастырды. Аралауға құтқарушылардан басқа, аудан әкімдігінің өкілдері мен Алматы ауданы полиция басқармасының қызметкерлері қатысты.

Акция барысында мамандар тұрғын үйді өрт қауіпсіздігі бойынша кемшіліктерді анықтау үшін тексерді. Бұл ретте өртке қарсы жүйелердің жарамдылығы тексеріліп, мамандар тұрғындармен профилактикалық әңгіме жүргізді және оларға

жадынамалар табыстады. Алматы ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты Дария Байзулованың айтуынша, бүгінгі таңда Алматы ауданында 128 ұйымға (ПИК, ЖШС, ЖК, ТҚК) және мүлік иелерінің 267 бірлестігіне (МИБ) қызмет көрсететін 885 көппәтерлі тұрғын үй бар. 255 үйдің биіктігі 28 метрден асады. 2023 жылы осындай 204 үй болған. Астана қаласы ТЖД мәліметінше, биыл елорданың көппәтерлі тұрғын үйлерінде 89 өрт оқиғасы тіркелген, бұл ретте өрттің пайда болуының басты себебі – адами фактор.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ҚОҚЫС ШЫҒАРУ ЖҰМЫСЫ 4 КОМПАНИЯҒА БӨЛІНДІ

Биылғы сәуір айында Астана қаласының әкімдігі тендер өткізіп, алдағы 5 жыл ішінде қатты тұрмыстық қалдықтар шығарумен айналысатын 4 компанияны анықтады. Бұл – Сарыарқа ауданына қызмет көрсететін «Zero Waste» ЖШС, Алматы ауданында жұмыс істейтін «Спецтехстрой» (бұрынғы «Clean City NC») компаниясы, Есіл және Нұра аудандарында қоқыс шығаратын «Taza Zher Capital» ЖШС және Байқоңыр ауданын тазалайтын «ГорКомТранс города Караганды» ЖШС. Мәслихат депутаттары олардың материалдық-техникалық базасы мен техникасын қарап шықты.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, аталмыш компаниялар өз қаражатына 95 жаңа техника және 2018 жылы орнатылған ескі және тозған контейнерлерді жаңарту мен ауыстыру үшін шамамен 15 мың контейнер сатып алды. Бұған қоса, жергілікті бюджет қаржысы есебінен биыл 3700 контейнер сатып алынды.

«Дегенмен тағы 10 мың контейнерге қажеттілік бар. Осыған байланысты қоқыс шығару компанияларымен жасалған келісімшарттарға сәйкес, жылына кемінде 1000 контейнер сатып алу көзделген» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы.

«Бұрын бұл қызметпен «Clean City NC» компаниясы айналысты. Техниканың жетіспеушілігіне байланысты халық тарапынан оларға көптеген шағым түсетін. Қазіргі компанияларда техника жеткілікті және ең бастысы монополия жоқ. Қала әкімдігі оларды елорданың аудандарына бөліп, өте дұрыс шешім қабылдады деп ойлаймын» деген қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов қоқыс контейнерлері мәселесін көтерді. Оның айтуынша, «Clean City NC» ЖШС осы уақытқа дейін 7000 контейнерді қазіргі уақытта қатты тұрмыстық қалдық шығарумен айналысатын басқа компанияларға тапсырмады.

Депутаттармен кездесуде компания басшылары тарифті көтеру мәселесін қозғады. Олар бүгінде елордада тариф көп-пәтерлі тұрғын үй кешендері тұрғындары үшін бір адамға 390 теңгені, ал жеке үйлер үшін 414 теңгені құрайтынын айта келе, басқа өңірлерде әлдеқайда қымбат екенін алға тартты. Мәселен, Алматыда – 718,5 теңге, Көкшетауда – 500 теңге.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕЛЕДІ?

Депутаттар «Үркер» тұрғын алабына, Әйтеке би көшесіне, Қорғалжын тасжолы мен Дома-лақ ана көшесінің қиылысына барып, көлік жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарының салынуы, бағдаршамдарды орнату жұмысын көрді.

ҚАЛА ТІРШІЛІГІ: ІРКІЛІССІЗ ПРОЦЕСС

Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге қала тіршілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар кәсіпорынды аралап, жұмысымен танысты. Соның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, жол қозғалысын реттеу мен көлік ағынын басқару, Bus Lane жолақтарын енгізу, жолдар мен веложолдарды салу барысын бақылап қайтты.

Қалалық мәслихат депутаты Динара Оразалинаның айтуынша, «Үркер» тұрғын алабындағы мәселелер жылдар бойы жиналып қалды. Бұл көлік жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу, бағдаршамдарды орнату

учаскесінде фото-бейнетіркеу жүйесі орнатылды. Бұл жүйе 26 желілік учаске мен 6 қиылысты қамтиды. Қазір 2017 жылмен салыстырғанда 100 мың адамға шаққанда жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім-жітім 58

орынбасары Самал Кұлбатырованың айтуынша, елордада веложолдарды салудың екінші кезеңі аясында 2021 жылдан бері жалпы ұзындығы 89 шақырымды құрайтын веложол салынуы керек еді. Алайда осы уақытқа

дейін 7,5 шақырымы ғана салынған. Оған себеп – қаржының бөлінбеуі. Ал салынған аралық Ғ.Мұстафин, А.Пушкин көшелері, Ш.Құдайбердіұлы Абылайхан, Б.Момышұлы даңғылдары квадратын қамтиды.

«Біз бұл жобаны қайта қарап, өзгерістерді енгізуді, яғни қаладағы веложолдарды басқаша қосуды ұсындық. Екінші ұсынысымыз, салынған 7,5 шақырымдық веложолды жаяу жүргіншілер жолы ретінде қалдырып, қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының балансына беруді ұсынып отырмыз» деді Самал Кұлбатырова.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Анықталған мәселелер қалалық мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында талқыланды. Жиында Астана қаласы Полиция департаментінің, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының, Коммуналдық шаруашылық басқармасының өкілдері баяндама жасады. Әсіресе жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға



болып кете береді. Депутаттар жауапты сала басшыларымен бірге қаланың жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жайлы өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасау туралы пікір алмасты.

Депутаттарға Жол қозғалысын басқару орталығында «Интеллектуалды көлік жүйесі» жобасы таныстырылды. Бұл жүйе қаладағы кептеліс пен жол апаттарын бақылауға бағытталған. Ал Трафикті басқару орталығында қаладағы жол қозғалысын реттеу мен көлік ағынын басқару үшін қолға алынған жұмыстар таныстырылды. Онда мәслихат депутаты Динара Оразалина кептеліс қатты болатын Тұран даңғылы мен Қорғалжын тасжолы, «Астана Опера» театры маңайында Қабанбай батыр даңғылы мен Сарайшық көшесінің қиылыстарында жолайрық салу мәселесін көтерді.

«Сергек» жобасымен елордада бірнеше жыл бойы «Көркемтелеком» ЖШС айналысып келе жатыр. Жобаның осы уақытқа дейінгі қорытындысы мен нәтижесі таныстырылғанда бейнебақылау жүйесінің арқасында жазатайым оқиғалар азайғаны айтылып, айппұлдар есебінен бюджетке құйылған қаржы туралы мәлімет берілді. Бүгінге дейін жолдың 32

пайызға, ал қылмыс деңгейі 61 пайызға төмендеді. Мәслихат депутаты Азамат Айтхожин ең бастысы тұрғындардың қауіпсіздігіне көңіл бөлу керектігіне назар аударды.

ВЕЛОЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ НЕГЕ ТОҚТАДЫ?

Мәслихат депутаттары «Велосипед көлігінің инфрақұрылымы» жобасын жүзеге асыру барысымен де танысып шықты. Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының

**КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРА-
ҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУТҮ БАСҚАРМА-
СЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, БАЛАЛАР
ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КӨҢІЛ БӨЛІНГЕН. 45
ОРЫНҒА ҚОСЫМША ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ
МЕН ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТЕЖЕЙТІН
ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҚОЙЫЛЫП ЖАТЫР.
BUS LANE ЖОЛАҒЫ 27 КӨШЕДЕ БАР.
ОНЫҢ ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ – 100,5
ШАҚЫРЫМ. АВТОБУС ЖОЛАҚТАРЫ
БИЫЛ 3 КӨШЕДЕ, ЯҒНИ МӘҢГІЛІК ЕЛ,
Р.ҚОШҚАРБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА
ДАҢҒЫЛДАРЫНДА ҚОСЫЛДЫ**



ерекше көңіл бөлінді. Қатысушылар қала жолдарындағы қауіпсіздікті арттыру және көлік инфрақұрылымын жақсарту қажеттілігін атап өтті.

Жиынды жүргізген қалалық мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Азамат Айтхожин балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігін айтып, отырыста негізгі орындарда жол белгілері мен бағдаршамдарды орнату жоспары талқыланды. Велосипед көлігін дамыту және жаңа тұрақ орындарын ашу мәселелері көтерілді.

«Бұл шаралардың барлығы астананың жолдарын барлық азамат үшін қауіпсіз әрі жайлы етуге бағытталған» деді Азамат Айтхожин.

ЖОЛ АПАТЫ НЕГЕ КӨП?

Астана қаласы Полиция департаментінің ақпараты бойынша солтүстік айналма жолының 10-37 шақырымы аралығында жол апаты көп. Кейінгі 3 жылда 69 жол апаты болып, 102 адам жарақат алып, 11 жолаушы мерт болған. Құрылысы бітпеген көшелерде де жол апаттары баршылық. Осының кесірінен кептеліс азаймай отыр. Қала бойынша көпірлерді, жолайрықтарын салу, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру қажет.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәліметінше, балалар қауіпсіздігіне көңіл бөлінген. 45 орынға қосымша жол белгілері мен жылдамдықты тежейтін құрылғылар қойылып жатыр. Bus Lane жолағы 27 көшеде бар. Оның жалпы ұзындығы – 100,5 шақырым. Автобус жолақтары биыл 3 көшеде, яғни Мәңгілік ел, Р.Қошқарбаев және Ұлы дала даңғылдарында қосылды. Қалада қазір 7216 ақылы тұрақ орны бар. Жыл аяғына дейін оны 10000-ға жеткізу жоспарланған. Бұған қоса, қосымша айып тұрағын Алаш тасжолында 5,6415 га жерде 1000 орынға жобалау басталды.

Коммуналдық шаруашылық басқармасының жұмысы да жол құрылысына бағытталған. Былтыр 4,4 шақырым жол 27 көшеде салынған, 45000 шаршы метр тротуар төселді. Ал биыл 17000 шаршы метр тротуар салынып, 3000 шаршы метрде тиісті жұмыстар жалғасып жатыр. Бұған қоса, осы жылы 22 аялдама жөнделді.

Қалалық мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мүшелері мен тиісті сала өкілдері қаланың жол инфрақұрылымын одан әрі жақсартып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта құру бағытында бірлесе жұмыс істеуді жоспарлады.

«Жұмыс жүргізілуде. Бірақ оған тұрақтылық пен қаржыландырудың артуы қажет. Бірлесе отырып, біз қаланың жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ете аламыз» деп түйіндеді аталмыш комиссия төрағасы Азамат Айтхожин.

КУЗГІ КАНИКУЛ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Жаңа оқу жылының алғашқы демалысы күзгі каникул – балалар асыға күтетін мезгіл. Елордалық оқушылар күзгі каникулды әртүрлі бағытта өткізуде. Астанадағы оқу ордаларының білім алушыларының қайда, немен айналысқаны біз үшін де қызықты болды.

МУЗЕЙГЕ БАРДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «№60 мектеп-лицейінің 8-10 сынып оқушылары каникул кезінде республикамыздың Ұлттық мұражайына саяхат жасап қайтты. Саяхат барысында оқушылар ежелгі дәуірден бастап, осы күнгі кезеңдегі түрлі экспонаттарды тамашалады. Мұражай қызметкері әр залдағы заттар мен экспонаттардың шығу тарихымен таныстырды. Әсіресе оларды «Алтын адам» экспонаты ерекше қызықтырды. Экскурсия жүргізуші қазақтың зиялылары қолданған заттар мен бұйымдарға тоқталып, мазмұнды айтып берді. Ежелгі адамдардың қолданған заттары мен әшекейлері де оқушыларға қатты ұнады.

ПРЕЗИДЕНТ ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛДЫ

Елордадағы №79 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушылары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Президенттік орталығына барды. Орталық мұражай, кітапхана және оқу залы секілді бірнеше кешендерден тұрады. Мұражайдағы қазіргі Қазақстан тарихы бойынша өткен танымдық экскурсияда оқушылар Президент институты туралы көптеген қызықты ақпаратпен танысты.

Тарихи құжаттарды, мемлекет басшыларының кездесулерінің фотосуреттерін, түрлі елдер президенттерінің сыйлықтарын көрді. Сондай-ақ музыка залында ұлттық аспаптар, спорт залында олимпиада чемпиондарына арналған экспонаттарды тамашалады.

ДЕПУТАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

№101 жайлы мектептің оқушылары демалыс уақыттарын пайдалы өткізуде. 9 «Б» сынып оқушысы Орал Рамазан Respublica партиясының ұйымдастыруымен JasREPUBLIC CUP тұңғыш Ұлттық дебат турнирінің жеңімпаздарымен бірге Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіне экскурсияға барды. Іс-шарада еліміздің жоғарғы өкілдік органының тарихымен танысып, депутаттардың маңызды шешімдер қабылдайтын пленарлық отырыс залдарын аралап, жұмыс тобында және комиссияларда өткізіліп жатқан кездесулерге арналған залдардың қалай жабдықталғанын көрді. Халық қалаулыларымен еркін форматта өткен кездесуде мектеп оқушылары партиялық фракция өкілдерімен әңгімелесіп, түрлі сұрақтарын қойды, депутаттардың қызметімен жақынырақ танысты. Бұл экскурсия оқушылар үшін өте қызықты болды, олардың

болашақта ел өміріне белсене араласуына жігер берді.

КАНИКУЛЫН СПОРТҚА, ӨНЕРГЕ АРНАДЫ

Күзгі демалыс жоспары аясында №28 мектеп-лицейінде ұлттық ойындар, волейбол және баскетболдан жарыстар өтті. Жаңа оқу жылында ашылған №106 орта мектебінде де оқушылар домбыра үйірмесімен бірге, мектептегі спорттық іс-шараларға белсене қатысуда. Техникаға қабілетті балалар информатика пәнінің мұғалімдері Орал Исмаилов пен Эльмира Нұрмұханбетованың жетекшілігімен арнайы сабақтарға қатысып, білімдерін шыңдауда. Жұырда мектепте робототехникадан қызықты семинар-тренинг өткізілді.

М.Мақтаев атындағы №74 мектеп-гимназиясында «Мұрагер» домбыра үйірмесі бар. Үйірме аптасына 3 рет жүреді. «Мұрагер» домбыра үйірмесінің оқушылары – «Шаттық – 2023», «Шаттық – 2024» байқауының күміс жүлдегерлері. Одан бөлек, мектепте «Бес асық» театр үйірмесі жұмыс істейді. Аптасына 3 рет өткізілетін үйірме айтулы жетістіктерге жетуде. 2024 жылы өткен «Театрдың ғажайып әлемі» байқауының 2-орын жүлдегерлері, «Шаттық – 2023» байқауының күміс, «Шаттық – 2024» байқауының алтын медаль иегерлері.



Мектепте сондай-ақ аптасына 3 рет жүргізілетін «Дат» пікір сайыс клубы бар. Клуб мүшелері биыл Respublica партиясы, NIS және Özgerteam ұйымдастыруымен өткен «Әділетті, таза және қауіпсіз Қазақстан» тақырыбындағы «JasREPUBLIC CUP» аймақтық пікір сайыс турнирінде жүлделі II орынға ие болды.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ КІТАП ОҚИДЫ

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының оқушылары күзгі каникул кезінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде орналасқан «Күлтегін» ескерткішіне экскурсияға барды. Бұл ескерткіш – түркі халқының мәдени және тарихи мұрасының айқын көрінісі.

– Қазақ әдебиеті сабағында «Күлтегін» жырын оқығандықтан, ескерткішті көру бізге өте қызықты әрі маңызды болды. Экскурсия барысында «Күлтегін» жырының мазмұны мен оның тарихи маңыздылығы туралы кеңінен мағлұмат алдық. Ескерткіште «Күлтегін» жырының мәтіні түркі руникалық жазулармен қашалып жазылған. Бұл жазулардың қазақ мәдениетіндегі орны өте ерекше, өйткені ол бабаларымыздың ерлігі мен батылдығын, олардың Отанына деген сүйіспеншілігін және өзара бірлігін көрсетеді. Сапар барысында бізге Күлтегін батырдың Түркі қағанатының қаһарман қолбасшысы, әрі елін қорғаған тұлға екенін түсіндіріп берді. Жырда Күлтегіннің ерлік



істері мен оның ел басқарудағы дарыны туралы баяндалған. Бұл мәліметтер оқушыларға түркі мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын арттыра түсті, – дейді сынып жетекшісі Меруерт Тыналина.

Оқушылар осындай экскурсияның арқасында тек оқулықтағы теориялық біліммен шектелмей, тарихқа, әдебиетке және мәдениетке жақын болудың жаңа қырын түсінгендерін айтты. – Мен күзгі демалыста «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты іс-шараға қатыстым. 3200-ден аса оқушы қатарында «Балбырауын» күйін шерту – мен үшін ұмытылмас тәжірибе. Болашақта да қазақ өнерін өркендетуге өз үлесімді қосқым келеді, – дейді 7-сынып оқушысы Марат Нұрали.

– Мен күзгі демалыста «Ескендір» поэмасын жаттадым. «Менің қарындасым» әңгімесін оқыдым. Ағылшын тіліндегі «The tale of

Peter Rabbit» атты шығармасын оқып жатырмын. Мектептегі дебат үйірмесіне бардым, – дейді 7-сынып оқушысы Ернар Есмағамбетов.

– Каникулда сыныппен Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» кітабын оқып жатырмыз. Күнде кітап оқуға уақыт арнаймыз. Бізбен бірге сынып жетекшіміз де оқиды. Оқығанымыз бойынша өзара бөлісіп отырамыз, – дейді 7-сынып оқушысы Жансая Жасұлан.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақыткүл Қасенованың айтуынша, мектептің оқушылары сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен бірге қысқа мерзім болса да күзгі каникулды осылайша мазмұнды өткізуде. Абай атындағы мектеп – елорда ғана емес, еліміздің барлық білім беру ұйымдарына үлгі.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

P.S: *Кітап оқып білім көкжиегін кеңейткен оқушылар, өнерге талаптанған өрендер, спортпен шыныққан жас буын, тарихты тануға ұмтылған талғамы биік талапты білім алушылар барлық жағынан да азатыны қуантады. Оқушылардың күзгі каникулдағы көңіл-күйі, қызықты күндері керемет бастамаларға, жеңісті, жемісті күндерге жол ашары анық.*

ЗИЯТКЕР ПЕДАГОГТАР ДОДАСЫ

Индира БЕРЖАНОВА

Сайыстың салтанатты ашылуында Астана қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Дидар Дулатұлы сөз сөйлеп, жас ұрпақты тәрбиелеуге атсалысып, ұлттық ойынды жаңғыртуға қолдау білдірген тәрбиешілерге алғысын білдірді.

Бала санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге бағытталған «бестемше» ойыны елімізде және шет елдерде кеңінен таралып, бүгінде білім беру бағдарламасына енуі ұлттық ойынның бала тәрбиесінде алатын орны мен маңызын айқындайды.

Астана қаласының балабақшалары еліміз бойынша бірінші болып «бестемше» ойынын балабақша бағдарламасына енгізген. Бұдан кейін республиканың өзге өңірлері де біртіндеп аталған тәжірибені қолға ала бастады.

– Балабақшамызда «бестемше» ұлттық ойынынан сайыс кең көлемде

Елордалық Білім басқармасы Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен №5 «Ақбота» балабақшасында мемлекеттік балабақшалардағы тәрбиешілер арасында «бестемше» ұлттық ойынынан «Зияткер педагог» атты қалалық жарыс өтті.

өткізілді. Өткен жылы ұйымдастырылған қалалық жарысқа он алты педагог қатысты. Осы жылы сексен педагогтан өтініш келіп түсіп, шінінен алпысын іріктеп алдық. Мақсатымыз – ұлттық ойынды педагогтар арасында кеңінен насихаттап, кейін оны балаларға үйретуге бағыттау, – дейді №5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі Мөлдір Айтқалиқызы.

Бүлдіршінің зердесін ашып, қызығушылығын арттырған «бестемше» ойыны бойынша №5 «Ақбота» балабақшасы өткен жылы жан-жақты зерттеу жүргізіп, Түркия елінде таныстырды. Кейін екі ел арасында меморандумға қол қойылды. Қазіргі кезде Түркия елінің мектеп оқушылары да «бестемше» ойыны туралы кеңінен біліп, ойнап жүр.

Қалалық жарыста әділ қазылар алқасының төрағасы болған «Тоғыз-



Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

САРБАЗ ЕЛ ҚОРҒАЙДЫ

Әлемде әскер саны бойынша 46-орында тұрған Қазақстанда 110 мыңнан астам әскер бар. Өткен жылдың соңындағы дерек бойынша Әлем елдерінің әскери қауқары рейтингінде (Global Firepower) Қазақстан 63-орында. Бұл айтарлықтай жақсы нәтиже емес. Әрине, әскери қуат ел экономикасының дамуымен тығыз қатысты, экономикасы дамыған, өнеркәсібі өркендеген елдің әскери әлеуеті де жаман болмайды. Қаржы болса, қару-жарақтың түр-түрін сатып алуға да қазір мүмкіндік бар болғанымен, әскердің саны мен сапасы тек өз еліңдегі халықтың жауынгерлік қуатымен, отаншылдық сезімімен байланысты. Ел басына күн туса, өз еліңнің әскері ғана қас дұшпанға қасқайып қарсы тұрады. Сондықтан әскер сапасын көтеру – мемлекеттің қауіпсіздігіне саятын келелі мәселе.

Қазақстанда жыл сайын 18-27 жас аралығындағы 20 мыңнан астам азамат әскер қатарына шақырылады. Олар еліміздің түкпір-түкпіріндегі әскери орындарда мерзімді әскери міндетін өтеп келеді. Дегенмен әскерге аман кетіп, табытпен оралатын жағдай соңғы кезде Қазақстанда жиілеп барады. Мәселен, соңғы үш жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер қайтыс болған. Ал соңғы төрт жылда әскерде 86 суицид тіркелген, 20 әскери қызметкер өзіне қол салуға оқталған. Кейінгі 3 жыл 9 айда Ұлттық ұлан қатарында борышын атқарып жүрген 11 сарбаз мерт болған. Әрине, жан бар жерде қаза бар, әскери оқу-жаттығу үстінде немесе аяқ астынан ауырып қайтыс болса бір сөз, көбі беймәлім жағдайда көз жұмады немесе сау кетіп сал болып оралады да, оған «өзі құлап қалды», «өзін-өзі өлтірді», «психологиялық жақта мәселесі бар екен»... деген секілді адам баласы иланбайтын себеп айтылады. Бүкіл әскери бөлімшелерге орнатылған бейнекамералар да дәл сондай кезде істемей қалатыны тағы бар. Сосын да қазір жұрттың жүрегінде үрей мен күдік басым.

БАЛАСЫН ӘСКЕРГЕ НЕГЕ ЖІБЕРГІСІ КЕЛМЕЙДІ?

Қазір жұрт арасында «Баламды әскерге жібергім келмейді», «баламды әскерге жіберсем өліп қала ма, кемтар болып қала ма деп қорқамын», «қанша ақша жұмсасам да баламды әскерге жібермеудің жолын іздеп жүрмін» дейтін ата-аналар да, «әскерге барғын келмейді, әскерге барса ұрады, сабайды дейді, тіпті, өлтіріп тастайды екен» деген уәж айтатын жастар да көп. Әрине, олар да негізсіз айтып тұрған жоқ. Мысалды көзінен тізуге болады. Соның бірі госпитальде көз жұмған сарбаз Досымжан Сәлімжанға қатысты.

29 қазанда Алматы гарнизоны әскери соты әскери борышын өтеп жүргенде «таяқ жеп», кейін госпитальде көз жұмған сарбаз Досымжан Сәлімжан ісінде айыпталушы Жанбота Шәкіровті «Билікті асыра пайдалану» бабы бойынша 7 жыл жаза кесті әрі лейтенант атағынан айырды.

2023 жылғы қазанда Атырау облысы Құлсары қаласынан әскерге шақырылған 19 жастағы Досымжан Сәлімжан борышын Жетісу облысы Сарыөзек ауылындағы №29108 әскери бөлімінде өтеп жүрген. Биыл 3 мамырда бүйрегі ауырып, әскери госпитальге түскен жауынгер он күннен соң сонда қайтыс болды. Клиникалық диагноз бойынша, Сәлімжанның өлімі «бүйрек ауруынан» болған. Сот-медициналық диагнозда



Фото: Владимир Третьяков, Capital.kz

Әскер – елдің қорғаны. Мынау ұлан-байтақ жерді бұрынғы бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаса, қазір ел мен жерді қорғау үшін озық қаруға, сапалы сарбаздарға сүйенеміз. Әрине, қазіргі соғыста жаңа соғыстық техникалар мен жаңа қарулар маңызды рол атқарады, дегенмен, арнайы жаттығудан өткен сайлауыт сарбаздың, самсаған сары қолдың орны әрқашан бөлек.

Қай тұрғыдан алып айтсақ та, жастарды көшеден бас салып ұстап әскерге алып кету бұл заңға томпақ, әдепке қайшы. Тіпті ол әскери борышын өтеуден қашып жүрген азамат болса да, оның отбасына «міне, балаңызды әскерге әкеттік, ешқайдан іздемеңіздер» деп хабар бере салу қарапайым қағида ғой.

ЖАУАПКЕРШІЛІК – ӘСКЕРИ БАСШЫЛЫҚТА

Әскердің қандай болуы, керек десеңіз, ұрыс даласының өзінен аман шығуы тікелей қолбасшыға қатысты екені шындық. Тіпті, жаңадан әскери міндетін өтеуге келген азаматтардың машық барысында жазатайым жағдайға ұшырап өліп қалмауына немесе мүгедек болып қалмауына да сол әскери бөлімшенің бастығы, жаттықтырушы командирі жауапты. Бір ауыз сөзбен айтқанда, қолбасшы өз қарамағындағы әскерді қырандай баулып баптап, қызғыштай қорғауға міндетті. Соғыс кезінде де қолбасшыға қойылатын талап ауыр. Ендеше, ел аман, жұрт тыныш сәтте қол астындағы әскердің амандығына кепілдік ете алмаған басшы қалай соғысып қарық қылады? Қандай жарамды әскер тәрбиелейді? Демек, әскердегі әлімжеттікті жою үшін «су басынан тұнуы керек». Қолбасшылар тәртіпке қатаң әрі өз қарамағындағы әскеріне шынайы жанашыр болса, жоғарыда жігіттер қыршынынан қиялмас еді, мүгедек боп өмірлік бейнет тартпас еді. Демек, бейбіт күнде әскерін аман басқара алмаған командир ел қорғап, әскер тәрбиелеп жарытпайды. Сондықтан белгісіз жағдайда көз жұмған сарбаздардың өліміне ең алдымен, сол бөлімшенің жаттықтырушыларын және бөлімше басшыларын жауапқа тарту керек. Егер олар жазаланбай, жоғарыдағы сияқты «өзі құлап қалды» деген сияқты ешкім сенбейтін себептермен әскердегі кісі өлімі жабулы күйінде қала берсе, онда әскердегі ұрып-соғу ешқашан тиымалыды.

Әскердегі сарбаздар өлімі жиілеген тұста жұртшылық елімізде міндетті әскери қызметті алып тастау туралы петицияны, әскерге шақыру жасын 20 жасқа дейін көтеру туралы қол жинауды ұйымдастырды. Қазақстан Қорғаныс министрлігі «бұл бастаманы елдің қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру» деп атап, «елдің қорғаныс мәселесі петицияға негіз бола алмайды» деп мәлімдеген болатын. Әрине, әрбір азамат Отан алдындағы борышын өтеуі тиіс. Жастар әскерге барудан жалтарса, ол біздің елдің қорғаныс істеріне үлкен нұқсан келтіретіні анық. Әсіресе, қазіргідей геосаяси жағдай күрделеніп тұрған сәтте ел басына күн туса әрбір ер азамат қолына қару алып, ел қорғауға сақадай сай тұруы керек. Ал олардың әскери борышын өтеп, дұрыс әскери дайындықтан өтуіне мемлекет толық әрі қауіпсіз шарт-жағдай әзірлеп беруге міндетті. Халықты сол әскери бөлімдердің жастарымыз үшін қауіпсіз болмағаны қынжылтады. Өйткені осы жағдайға байланысты елдің қауіпсіздігінен гөрі мерзімді әскери борышын өтеуге баратын баласының амандығына алаңдайтын ата-ана көбейді. Бұл да – еліміздің қауіпсіздігіне саятын көмескі қатер.

ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК: ҮРЕЙ МЕН ҮМІТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

«қолқа аневризмасы жыртылғаннан» болды деген. Айыптау актісінде Шәкіровтің Досымжанды жиі ұрғаны жазылған. Досымжан да өмірінің соңғы күндері туыстарына әскерде «үнемі таяқ жегенін» айтқан.

2022 жылы 18 жастағы жауынгер Қордай ауданындағы 30/212 әскери бөліміне 18 сәуірде кетіп, 4 күннен соң табытпен оралған. Оның қазасына байланысты «Таңертең сапта тұрған сарбаз есінен танып қалып, кейін Гвардейский елді мекеніндегі госпитальде көз жұмды» деген түсініктеме берілген. Ішкі істер министрлігінің өкілдері оның денесінен жарақаттар анықталмағанын айтқан. Ал Әлібектің туғандары мұнымен келіспей, «баланың бүйрегі, қолдары, басы көгерген» деп отыр. Демек, әскердегі өлімнің көбі құпия жағдайда қалып жатыр. Жауапты органдардың көрсеткен себебі мен марқұмдардың туыстарының айтқаны екі басқа. Ендеше, сау баласы сал болып оралса, ел қорғайды деп жіберген баласы ай мен күннің аманында көз жұмса, кім баласын әскерге жібереді?! Кімнің әскерге барғысы келеді?

КӨШЕДЕН АЛЫП КЕТЕТІНДЕР ДЕ КӨП

Жақында менің әскердегі әлімжеттік жайлы жазған мақаламды оқыған бір жас жігіт хабарласты. «Аға, мен өткен жылы барып, әскери міндетімді өтеп келдім. Астанада жұмыс істеп жүргенде көшеден ұстап алып кетті. Көлігім де далада қалып, үйімдегілер мені 2-3 күн іздепті.

Тым құрыса ата-анама хабарлап қоюға да мұрсат бермей, көлікке күштеп салып алып кетті. Ал әскери міндет өтеген кезде бір жыл бойы лейтенанттан таяқ жедік. Әйелімен ренжісіп қалса да келіп біздің сабайды. Шырт ұйқыда жатқан кезімізде келіп талай рет төпештеді. Әлімжеттік жасайтын басқа емес, сол әскери орнындағы жаттықтырушы, командирлер» дейді ол ата-жөнін жазбай-ақ қоюды өтініп. «Біздің елде әскерден құлағы естімей қалу, мұрны, құлағы сынып оралу... деген қалыпты жағдай ғой. Машық барысында жарақат алса бір-сәрі, жаттықтырушылардың жазықсыз сабауынан сондай жағдайға кіріптар болып жатыр. Бір ауыз сөзбен айтқанда, әскердегі келеңсіз жағдайға, ең алдымен, әскери басшылық өзі мұрындық болып отыр» дейді ол.

Әрине, мерзімді әскери міндетін өтеу жасына толғандарды көшеден тарпа бас салып ұстап әкететінін жұрттың бәрі айтады, аяқ астынан жоғалып кеткен баласын іздеп 2-3 күн сарсаңға түскен таныстарымыз да бар. Бірақ Қорғаныс министрлігі мұны да өтірікке балап, жоққа шығарғысы келеді. Мәселен, жақында журналистер

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Сұлтан Қамелетдиновке әскерге шақырылғандарды көшеден күштеп алып кетуге қатысты сұрақ қойған болатын. «Не айттып тұрғаныңызды білмеймін. Бізде бір құжат бар – әскерге шақыру қағазы. Сіздерде нақты факті бар ма? Соған жүгінейік. Біз құқықтық мемлекет құрып жатырмыз, егер ол оны заңсыз деп санаса, сотқа жүгінсін» деп министрдің орынбасары. Ал заңгерлер «алдымен жазбаша түрде әскерге шақыру қағазын жібермей тұрып, көшеден ұстап алып кетсе, әскери комиссариат қызметкерлері ҚР ҚК 414 заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау бабы бойынша жауапқа тартылады» деген пікірде. Бірақ, «баламызды әскерге көшеден ұстап әкетті» дегендер көп болғанымен, жоғарыдағы заңға жүгініп, әскери комиссариатты сотқа берген тағы ешкім жоқ.

ҚАЗІР ЖҰРТ АРАСЫНДА «БАЛАМДЫ
ӘСКЕРГЕ ЖІБЕРГІМ КЕЛМЕЙДІ», «БА-
ЛАМДЫ ӘСКЕРГЕ ЖІБЕРСЕМ ӨЛІП
ҚАЛА МА, КЕМТАР БОЛЫП ҚАЛА МА
ДЕП ҚОРҚАМЫН», «ҚАНША АҚША
ЖҰМСАСАМ ДА БАЛАМДЫ ӘСКЕРГЕ
ЖІБЕРМЕУДІҢ ЖОЛЫН ІЗДЕП ЖҰРМІН»
ДЕЙТІН АТА-АНАЛАР ДА, «ӘСКЕРГЕ
БАРҒЫМ КЕЛМЕЙДІ, ӘСКЕРГЕ БАРСА
ҰРАДЫ, САБАЙДЫ ДЕЙДІ, ТІПТІ, ӨЛ-
ТІРІП ТАСТАЙДЫ ЕКЕН» ДЕГЕН УӘЖ
АЙТАТЫН ЖАСТАР ДА КӨП



Өмірде де, қызметте де қатар жүрген жұптар шын мәнінде құрметке лайық. Отбасылық өмірдің алғашқы кірпішін бірге қалаған күннен бастап, ортақ құндылықтарды бағалап, бір-бірінің кәсіби қабілеттерін қадірлей білген ерлі-зайыптылардың жетістігі – үлкен еңбектің жемісі. Тағдырларын бір арнада тоғыстырған осындай өнегелі жұптың бірі – Байғұлбаевтар отбасы.

БІР ТАҒДЫР. БІР МҮДДЕ.

Отбасының тірегі полковник Данабек Байғұлбаев пен оның өмірлік жары ефрейтор Нағима Үсенбаева – Қазақстан Республикасы ІІМ Ұлттық ұланында қызмет етеді. Биыл отау құрғандарына – 20 жыл. Екеуі де оңтүстіктің тумасы, Қа­зығұртта туып-өскен. Әулеттің үлкендері таныстырған екі жас бір-бірінің жүрегіне жол тауып, таныстықтары некеге ұласты. 2004 жылы Шымкентте шаңырақ көтерген жарасымды жұп, өмір мен қызметтің ыстық-суығын бірге көріп келеді. Отағасының Отан қорғау жолындағы қызмет өтілі 30 жылға жуықтаса, жарының да әскери салада қызмет етіп жүргеніне 10 жылдан асқан.

Отбасын құрғанда Данабек Жоланбекұлы 6506 әскери бөлімінде «капитан» шенінде қызмет ететін. 1999 жылы Алматыдағы ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған жас офицер қызмет жолын Ішкі әскердің

Шымкент құрамасынан бастап еді. Взвод, рота командирі лауазымдарын лайықты атқарып, кадр бөліміне ауысқан кезі. Ал Нағима Тәңірбердіқызы әлі студент болатын. Десек те, өмірін Отан қорғаушымен байланыстырған күннен-ақ әскери өмірдің қыр-сырына қанығып, жолдасына қолдау көрсете білді. Уақыт өте келе өзі де осы салаға келді.

– Негізгі мамандығым – математика пәнінің мұғалімі. 2005 жылы тұңғышымыз дүниеге келгенде, мен төртінші курста оқып жүрдім. Ал бесінші курсты аяқтағанда екінші перзентіміз өмірге келді. Яғни, үй тіршілігі, оқу, бала күтімі бәрі қатар өрбіді. Жас отбасында ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігі өте маңызды. Жауапты қызметте жүрсе де, азаматым қамқорлығын аяған жоқ. Тағдырыма ризамын! – дейді ефрейтор Үсенбаева.

Қол ұстасқан жас отбасы ба-

лаларын ертіп, қызмет бабымен біршама өңірде болды. 2010 жылы Байғұлбаевтар отбасы Солтүстік Қазақстанға көшеді. Данабек Жоланбекұлы Петропавлдағы әскери институт – қазіргі Ұлттық ұлан академиясының кадр қызметіне тағайындалады. Жұбайы Нағима да білім ордасының оқу бөліміне орналасып, жаңа өңірде қызмет жолдары тоғысады. Бұған дейін де жолдасының абыройлы қызмет етуіне барынша қолдау танытқан аяулы жары енді бұл саланы одан да жақынырақ тани білді. Әскери кадр маманы 2016 жылы қызмет басымен Қарағандыдағы «Орталық» өңірлік қолбасшылығына жіберіледі. Ефрейтор Үсенбаева 2017 жылы аттестацияланып, Ақтаудағы 6656 әскери бөлімі қаржы қызметінің есепші лауазымына тағайындалады. Балаларына да, өзгеге де өнеге бола білген жарасымды жұп 2021 жылы Астанаға көшіп келеді.



– Әскери қызметшілердің гарнизоннан гарнизонға қоныс аударуы қалыпты жағдай екені бәрімізге белгілі. Бір қалаға енді бейімделе бергенде, бәріне қайта үйренісу біреулерге ұнамауы мүмкін. Алайда біз мұны – үлкен мүмкіндік ретінде қабылдадық. Бір-ақ рет берілген ғұмыр жолымызда Отанымыздың біраз аймағында тұрып көрдік. Әлбетте, менталитет, ғұрыптар әр өңірде әрқалай. Климаты да, артықшылықтары да бөлек болады. Мәселен, оңтүстікте болғанда балаларымызға Көктөбе, Медеу, Көлсай, Қапшағайды, Ақтауда Каспийді, Орталыққа келгенде Бұрабайды дегендей, еліміздің әсем табиғаты мен кереметтерін көрсете алдық. Үшінші баламыз Петро-

павлда, кенжеміз Қарағандыда туды. Олардың бойында бүгінде жан-жақтылық, көпшілдік бар. Тез тіл табысады, кез келген ортаға бейімделе алады. Отан – біреу, сондықтан қай қалада жүрсек те, жер таңдамай, елге қызмет етуіміз керек. Қазір бұл біз үшін – отбасылық мүддеге айналды, – дейді полковник Байғұлбаев.

Білікті офицер бүгінде әскердің Бас қолбасшылығында кезекшілік қызметінің ауысым бастығы лауазымында жемісті қызмет атқаруда. Ал Нағима Тәңірбердіқызының қызметі елорда іргесіндегі 5573 әскери бөлімінде жалғасып жатыр. Тұңғыштары Думан – 19 жаста. Астанадағы ІТ университетінің 2-курс студенті. Кәмелет жасы-

на келген Сабина Қарағанды қаласында орналасқан жоғары оқу орнында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алып жатыр. Ал Сая – бас қаламыздағы №60 мектептің 7-сынып оқушысы. Шаңырақтың кенжесі Тауман биыл балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырғын аттады.

Ерлі-зайыптылар бір-бірін бағалап, қадірлеген жағдайда, айналасына да сыйлы да құрметті болатынына Байғұлбаевтар әулеті жарқын дәлел бола алады. Елге адал қызмет етуді мақсат тұтқан қос Отан қорғаушы – өз балалары үшін де үлгі аларлық адамдар. Ата-ана бойынан үлкенге құрмет, кішіге ізет, қалтқысыз қызмет, жоғары жауапкершілік, өзара сыйластық, қазақы тәрбиені көріп өскен ұрпақ та жақсы адам, еліне адал қызмет ететін маман болуға ұмтылары хақ.

Әскери форма кию, күштік құрылымда қызмет ету, тағдыр қосқан қосағыңмен бірге дамып, баянды ғұмыр кешу – әркімге беріле бермейтін бақ. Қызметте кәсіби шеберліктерімен ерекшеленген, өмірде көпбалалы, ынтымағы мен бірлігі жарасқан отбасымен үлгі боп жүрген Байғұлбаевтар әулетін Ұлттық ұландағы әріптестері де мақтан тұтады. Халықаралық отбасы күнінде әскери қызмет пен отбасы құндылығын дәріптеп жүрген кейіпкерлерімізге мықты денсаулық, баянды бақыт, ырыс-береке тілейміз.

Ақерке МАМЫРБЕК

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 3 ТОҚСАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау тұрақты және орнықты басқару жүйесіне қол жеткізудің құралы бола отырып, ол кез келген мемлекеттің бюджет саясатының басымды бағытының бірі болып табылады.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ретінде елорда бюджетінің қаражаты мен мүлкін, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін заңды және тиімді пайдалануға, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілік дұрыстығына, ішкі бақылау жүйесінің қалыпты қызмет етуіне қатысты істердің қаржылық жай-күйіне тексеру және талдау жүргізеді.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы 2024 жылдың 9 айында 10 аудиторлық іс-шара бойынша отырыс өткізді, онда 30 объект қамтылды, оның ішінде 18 мемлекеттік мекемелерде, 12-квазимемлекеттік сектор объектілерінде тексеру жүргізілді.

Аудитпен қамтылған қаражат көлемі 343 191,6 млн теңгегі құрады, 209 912,8 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 1) бюджетке өтелуге және/немесе құжаттарды сәйкес келтіру және/немесе жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге тиіс қаржылық бұзушылықтар – 66 608,1 млн теңге;
- 2) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 35 548,0 млн теңге;
- 3) тиімсіз жоспарлау – 107 756,7 млн теңге.

Сонымен қатар, аудит объектілерінің қызметінде 715 рәсімдік бұзушылық және 103 жүйелік кемшілік анықталды.

Бүгінгі күні 33 519,4 млн теңге қаржылық бұзушылықтардың орындау мерзімдері келіп түскен 403,8 млн теңгесі (1,2%) өтелді, 33 088,8 млн теңгесі 15 979,9 млн теңгесі (48,3%) қалпына келтірілді.

Жалпы есепті кезеңде аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға әкеп соқтыратын аудит объектілерінің уақыттың да басқарушылық шешімдерінің болмауын, инвестициялық жобаларды аяқтаудың нормативтік мерзімдерінің сақталуына бақылаудың жеткіліксіздігін, жергілікті атқарушы органның борышын сапалы басқарудың жоқтығын, сондай-ақ Астана қаласының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарын әзірлеу мен мониторингін жүзеге асыру кезінде нысаналы индикаторларды және жылдық жоспарлы мәндерді айқындау бойынша бұзушылықтар мен жүйелік кемшіліктерін анықтады.

Мәселен, **Астана қаласының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарын іске асыруды аралық бағалау қорытындылары** (бұдан әрі – Даму жоспары) стратегиялық құжатты бюджеттік және стратегиялық жоспарлау кезінде олардың арасында өзара байланыстың болмауы, сондай-ақ канализациялық желілердің тозуы, тазарту қондырғы құрылыстарына жүктеме бойынша негізгі нысаналы индикаторлардың болмауы, автомобиль көлігінен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шығарылуының өсуі; қала аумағында орналасқан Есіл өзені маңын абаттандыру мен оның салаларының түбін және су бетін тазарту, үш ауысымды мектептердің қалуы елорданың орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі проблемаларын толық көлемде шешуге мүмкіндік бермейтінін көрсетті.

Бұдан басқа, Даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында нақты іс-шаралар мен қимылдарды қамтитын нақты және өлшенген көрсеткіштерсіз баяндалған, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының атауын қайталайтын және жалпылама

сипаттағы іс-шаралар көзделген, бұл олардың орындалуына мониторинг жүргізуді қиындатады.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысына бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігінің аудиті Астана қаласындағы 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысын іске асыру (бұдан әрі ДШСК) мемлекеттік жоспарлау құжаттарында (Көктал ДШСК, Өндіріс ДШСК, Ильинка ДШСК және Железнодорожный ДШСК) көзделген мерзімдерді бұза отырып жүзеге асырылған. 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілмеген (Ильинка ДШСК және Железнодорожный ДШСК).

408,5 млн теңге сомасында орындалмаған жұмыс көлеміне, сондай-ақ ЖСҚ-ға сәйкес келмейтін жұмыстар мен жоқ қабдықтарды қабылдауға жол берілген, сондай-ақ жұмыстарды орындау кестесін бұза отырып, 369,5 млн теңгеге орындалмаған жұмыстар анықталды.

Бұдан басқа, **қаланың шетіндегі жол инфрақұрылымын дамыту шеңберінде құрылыстың инвестициялық жобаларын жоспарлаудың тиімділігін талдау** жобалардың басымдылығын тиімсіз жоспарлауға, мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамауына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне, жер учаскелерін сатып алуды қамтамасыз етпеуіне байланысты тоқтатылған және аяқталмаған құрылыс ретінде есептелетін құрылыстың болуын көрсетті, бұл халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі түпкі мақсаттың орындалмағанын көрсетеді.

Мысалы, Көлік басқармасы бойынша іске асырылуы 2011-2015 жылдардан бастап шарт жасалған 13 инвестициялық жобаны бағалау оларды қаржыландыруға 10,0 млрд теңге сомасында бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылғанын көрсетті.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі саласында аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша бюджет қаражаты мен мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану қағидатын сақтамау, басшылық тарапынан негізсіз басқару шешімдері, сондай-ақ ішкі бақылау жүйелерінің болмауына құқық бұзушылық жасау тәуекелдерін арттыратын фактілердің орын алуы жалғасу үстінде.

Мысалы, **«Астана-Өрнек» ЖШС-де** орталықтандырылған жылытуға 8 қызмет көрсетілетін нысанның ауыстырмауының салдарынан жергілікті бюджет үшін экономикалық шығындарды өтеуге (жоғалған пайда) 590,5 млн теңгені құрады.

Тағы бір мысал, **«Астана – Аймақтық Электржелілік Компания» АҚ** еңбекақы төлеу жұмысына ішкі бақылау тиісті жолға қойылмауына байланысты артық төлемдердің жеке-жеке фактілеріне алып келген, сондай-ақ басшылық құрамының жиі ауысуы қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесі жалпы сомасы 40,5 млн теңгеге қосымша шығындарына алып келген.

Жергілікті атқарушы органдардың борышты басқару тиімділігінің мемлекеттік аудиті шеңберінде заңды тұлғаларға олардың квазимемлекеттік сектордың ведомстволық бағынысты кәсіпорындарының жарғылық капиталын бекіту үшін қаржылық қолдау ұсыну бойынша соңғы алынған кредиттік/лизингтік міндеттемелерді орындауға 15,5 млрд теңге («City Transportation Systems» ЖШС – 9,9 млрд теңге, «Астана-Тазалық» ЖШС – 4,8 млрд теңге, «Астана Зеленстрой» ЖШС-1,1 млрд теңге) борыштық міндеттемелер қабылдағаны анықталды.

Сондай-ақ түпкілікті қарыз алушының несиелік қаражатты қайтармау тәуекеліне және 2024-2025 жылдары 3,7 млрд теңге сомасында жергілікті бюджеттік шығындарға, сондай-ақ «Астана-Теплотранзит»

АҚ бөлген несиелік қаражатты қайтару тетігінің болмауына әкеп соқтыратын жоспарлаудың елеулі кемшіліктері байқалады.

Білім беру саласында жүргізілетін жыл сайынғы аудит қорытындылары бойынша Білім басқармасының бюджеттік өтінімдерді әзірлеуге ресми көзқарасы, еңбекақы мен қосымша ақы қорын негізсіз асыра бағалау, нормативтік оқу жүктемесін асыра пайдалану сияқты проблемалық мәселелердің көтерілетінін атап өткен жөн.

Ағымдағы жылы жүргізілген **білім беру ұйымдарындағы жан басына шаққандағы қаржыландыру тиімділігінің аудиті** жан басына шаққандағы қаржыландыру Әдістемесіне сәйкес есептелген мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландырудың жеткіліксіз көлемін (білім беру ұйымдарының нақты шығындары нормативтен асып түседі), орта білім беру ұйымдарын қаржыландырудағы біркелкі емес тәсілді (36 мектепті артық қаржыландыру және 26 ШДЖҚ МКК нысанындағы мектептерде жеткіліксіз қаржыландыру), мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде бөлінген бюджет қаражатын негізсіз пайдалану, азық-түлік жеткізушілерімен есеп айырысуға арналған ата-аналық есепшотқа қаражат аудару арқылы, осылайша бюджеттің экономикалық шығындарына әкелді.

Жалпы, Тексеру комиссиясының отырыстарында аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша мәслихат депутаты шақырылып, тұрақты негізде талқыланады, онда аудит объектілері қызметінің сапасын арттыруға бағытталған проблемалық мәселелер, ескертулер мен ұсыныстар көтеріледі.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша ақпарат Астана қаласы мәслихатының төрағасына және Астана қаласының әкіміне жіберіледі, сондай-ақ ведомстволық сайтта орналастырылады.

Есепті кезеңде Тексе-

ру комиссиясы барлық бұзушылықтар бойынша мүдделі ұйымдарға 119 тапсырма және 21 ұсыным жіберді, олардың орындалуы белгіленген мерзімдерге сәйкес тұрақты бақылауда.

Сонымен қатар, орын алған бұзушылықтар үшін 68 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті органдарға қарау және шешім қабылдау үшін 99 факті бойынша әкімшілік материалдар жіберілді, оның 87 фактісі бойынша – 8,4 млн теңге сомасына айыппұл салумен заңды тұлғалар мен аудит объектісінің лауазымды тұлғалары тартылды, 12 факті бойынша өндірістік әкімшілік іс қозғаудан бас тартылды.

Сондай-ақ Тексеру комиссиясы 27 әкімшілік істі жеке дербес қозғайды: оның ішінде 23 іс қаралып, жалпы сомасы 2,8 млн теңгеге айыппұл салынды, 2 іс әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды; 2 іс бойынша Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының жалпы сомасы 738,4 мың теңгеге айыппұл салу туралы қаулысы шығарылды.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің болуына байланысты Астана қаласының прокуратурасына рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін 5 материал жолданды.

Алдағы уақытта Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы елорданың материалдық және қаржылық ресурстарын басқару мен пайдалануды ұйымдастыру тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзушылықтардың алдын алу және азайту жөнінде тиісті түзету және алдын алу шараларын уақтылы қабылдау бағытында жұмысты жалғастыратын болады.

«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ

ЕСКЕРМЕГЕН АУРУ

Қазақстан қоғамын қатерлі дерт кезіп жүр. «Тәж тажалдың» уағында вирустан ел болып қорғанып едік. Қазіргі кеулеген зарардан қорғанып жатқан ешкім жоқ. Зарар – цифрлы технологияның «сиқыры». Мұны – Қазақстанға жасалған кибер-нетикалық шабуыл, «жариялан-баған майдан» десе де қисынды шығар.

Бүкіл әлеуметтік желіде, ғаламторда оп-оңай олжаға кенелуге болатынын, ол үшін «Kaspi Profit» платформасы арқылы аз сомамен (елу мың) инвестиция жасасаңыз, келесі айда 300-350 мың дивиденд алатыныңыз жарнамаланады. Бөтен біреу емес, Каспий банктің басқарма төрағасы, миллиардер Михаил Ломтадзеңің өзі жұртты ұйытып сөйлеп тұр. Сөйлегенде де жай мінберден емес, «Хабар» арнасынан. Тіпті, Каспий банктің негізгі құрушысы, акционері, директорлар кеңесінің төрағасы Вячеслав Ким екеуінің Президенттің алдында әлеуметтік жобаларын талқылап отырған суретін жариялап қойған. Оның артында дәл сондай жолмен қаржының астында қалып, көлік, баспана алып, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып жүргендер «құдайдағы сөзін» айтып, жұртты иландыра түседі. Ал енді бір ролликтерде «брокерің алдап кетті ме, қаржыңды қайтарып беруге көмектесеміз» деген сипатта әңгіме қозғалады.

Бейресми ақпарат мәліметі бойынша былтырғы жылы Қазақстан халқы халықаралық алаяқтарға 263 миллиард теңге шамасында жем болған екен. Бұл қарапайым жұрттың қалтасын қағу ғана емес, ел экономикасын да шығынға ұшырататын көріністер... Тіпті, мемлекет егемендігіне төнген қатер. Ал былғы алдану мен текке шашылған қаржының көлемі қанша екені бір Аллаға ғана аян.

Сонымен, бәрін рет-ретімен баяндайық...

АРБАСУ

Мұның алаяқтық екенін білдім және жұртты қалай алдап, тақырға отырғызатынын өз көзіммен көргім келді. Алайда ресми тұлғалардың, қарапайым жұрттың аузымен айтылған ақпарат алданбасыңа қоймады. Сосын, «Kaspi Profit» платформасын насихаттайтын ролликтің соңындағы «толығырақ» мән-жайды білуге шақырған батырмасын бастым. «Аты-жөніңіз бен байланыс телефоныңызды қалдырыңыз» деген нұсқаулық бойынша дерек-дәйегімді жаздым. Ертеңінде жылмаң қаққан бір әйел «Каспий Профитке» өтініш қалдырған екенсіз деп хабарласты. Телефон нөмірін жазып алдым 8-700-150-14-99. Ол маған халықаралық биржаға қатысу үшін шот ашып, платформаға тіркелуге көмектесетінін айтты. Іскерлік әлеміндегі жаңа әріптестерім жөнінде кеңірек мәлімет білгім келіп, мекемелерінің қайда орналасқанын, мекенжайларын сұрадым. Ол маған Алматыда, әл-Фараби даңғылы, 7-үй, «Нұрлытау» бизнес орталығының 3-корпусы, 17-қабатта отыратындарын айтты. Сондай-ақ «Kaspi Profit» 80/20 схемасымен жұмыс жасайтынын ұғындырды. Яғни, табыстың 80 пайызы – сіздікі, 20-сы – біздікі. Шотыңызға ақша жүз пайыз жолданады, соны банкомат карточкаңызға түсіргеннен кейін, көрсетілген телефонға тиісті сомасын аударасыз деді.

Мынадай ыждаһаттылықтан кейін күмөнім сөйілгендей көрінді. Соның айтуымен тиісті анкетаны толтырып, ақыры «жеке кабинет» ашағын, ақша аударатын шешуші тұсқа келдік. Шарты бойынша кемі 100 АҚШ долларын салуың керек екен.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛГОРИТМІ

Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруда. Оған бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан 2024 жылғы 2 қыркүйек



Маған QR-код көрсетіп, осында жіберіңіз деді.

– Білмейтін беймәлім жаққа қалай жіберем?

– Ол беймәлім емес, сіздің есепшотыңыз. Біздің оған ешқандай қатысымыз жоқ. Ол сома болмаса, трейдер-аналитик сізбен жұмыс істей алмайды. Менің міндетім – сіздің шаруаңызды үйлестіріп беру.

– Мен сенбеймін.

– Сенбесеңіз, қазір салыңыз, кейін ақшаңызды кез келген уақытта шығарып алып кетесіз. Сөзі мәжбүрлеу сияқты көрінді...

– Here «Kaspi Profit» платформасы жайлы жарнама ағыны кешелі бері күшейіп кетті? – дедім.

– Жарнамаға мен жауап бере алмаймын, онымен маркетинг бөлімі айналысады. Біздің оған қатысымыз жоқ, солардан сұрағыңыз жөн, – деді шытына ғап.

Көңілімді күмән жеңіп, екеуіміз одан әрі сөзіміз үйлеспеді.

107-КЛИЕНТ

Жарты күннен кейін енді ер адам байланысқа шықты. Нөмірі 8-747-046-92-63. Өзін «атым – Евгений, «Kaspi Profit» платформасының менеджерімін, – деп таныстырды. Әлгінде үзілген әңгіме әрмен жалғасты.

– Сіз шотыңызға ақша сала отырып, инвестор болып табыласыз. Бәрін өзіңіз алақан-дағыдай көріп отырасыз. Еш абыржымаңыз, халықаралық биржадағы валюталар ағымы мен бағамын бақылайтын кес-

тені және «жеке кабинетіңізді» толық ашып, жабдықтап беретін, маман хабарласады» деді. Көп ұзамай Алматы қаласынан (8-727-346-62-45) мамандары қоңырау шалды. «Жеке кабинетті» соның айтуы бойынша смартфоннан аштық.

Сонымен техникалық-бағдарламалық жабдықтау-қолдау аяқталғаннан кейін, ізін суытпай қайта менеджер сап ете қалды. Ватсаптың бейне құрылғысы арқылы тілдесу керек екенін уақытта шығарып алып кетесіз. Сөзі мәжбүрлеу сияқты көрінді...

«Мақұл» деп келіскеннен соң, бейнеқоңырау шалды. Бір қызығы, оның түрі көрінбейді, штрихпен салынған адам суреті ғана тұр. Мұнысына секемденіп қалдым да, «көп адамдармен жұмыс істейді, кескінін көрсетудің қажеті жоқ шығар» деп ойладым. Бірақ менің кескін-келбетім мен бар бітім-пішімім келесі тарапқа анық көрініп тұр еді. Әңгіме барысын бейнематериал ретінде жазып жатуы да мүмкін.

Ол маған диаграммалық кестенің мәнін ұғындырып, қалай басқаруды үйретті. Соңында платформасының менеджерімін, – деп таныстырды. Әлгінде он доллар көлемінде жіберіңіз деді. Сонымен QR-кодқа валюта бағамы бойынша 4815 теңге жібердім. Арада бірер минут өтпей жаңағы «жеке кабинеттегі» аты-жөнім жазылған анкетада 10 АҚШ доллары деген көрсеткіш

шықты. «Енді мені аналитикпен қосыңыз, сөйлесейін» десем, «жоқ, мұндай сомаға аналитик жұмыс жасамайды, кемі 100 доллар болуы тиіс» дегенге басып, брокермен байланыстырмады. Мәміле нәтижесіз аяқталды.

Келесі күні қайта Евгений байланысқа шықты. Орта жолда қалған шаруаны аяқтауды

дегенді көлденең тартты бәлдене. «Ешқандай несием жоқ» екенін естіп, жылмаң қақты. Сосын өздерінің шаруасын түсіндіріп кетті.

– Біздің 24 пайыз қаражатымыз валюта рыногынан түседі. Келесі бөлшегі тауарлы шикізат рыногынан келеді. Үшінші, криптовалюта, төртінші, компания акцияларын саудалау нәтижесіндегі айырмашылықтардан өніп отырады деп, сенімді бекемдеді. Ал сізбен әуелгіде валюта сатып алып-сату арқылы жұмыс жасаймыз. Әзірше жарнаңыз аздық етеді, содан кейін жоғарыда аталған салаларға ден қоямыз.

Мына уәжіне илана түстім. – Ал енді шотыңызды 100 долларға жеткізіңіз, содан кейін аналитикпен тікелей жұмысқа кірісесіз. Ол адам сіз үшін биржада рынокты бақылап, анализ жасап отырады. Ұтымды тұсқа келгенде өзіңізге телефонмен байланысқа шығып, тиісті валюталарды сатып алып, қолма-қол қайта сатып жібересіздер. Күніне бір-екі мәрте мазалап, 5-6 минут жұмыс жасайсыздар. Нәтижесінде шотыңыздағы сома өсе береді. Ұнамаса, қалаған күні ақшаңызды шешіп алып, платформадан шығып кете аласыз.

Ақшаңыз өсе береді дегенге қызынып, «ал, көне» дептін. Дереву QR-кодын көрсете қойды. Қалған 43 мың 461 теңгені аударып, шотымды 100 долларға жеткіздім.

– Енді қазір аналитиктермен сөйлесем, қайсысы бос, соны қосамын, – деді. Байланыс үзілді. Арада 20-25 минут өткенде Евгений телефон соқты.

– Сізді қуантып қояйын, бағыңызға қарай өте тәжірибелі аналитик ұшырасты. Ол кісінің аты-жөні – Куликов Артем Геннадьевич, Испанияның Барселона қаласында отырады, – деді. Сағат 15.20 мен 15.50-дің арасында хабарласады. Әуелі сізбен танысады, мақсат-мұратыңызды естиді. Содан кейін жұмысты бастайсыздар. Бағанағы мен үйреткен «жеке кабинетті» ашу мен айтқан төрт бағытты ұмытып қалмаңыз... – Жақсы.

Сонымен жүз долларымды белгісіз бір жерге жұмсап, қобалжып отырмын. «Одан да кішкенелеріме ойыншық алып берсемші» деп қоямын. Сағат үш

насам, не алатынымды сұрады. Әдейі, жарнамадағы жұрттың айтатынындай үй, көлік деп жауап бердім.

– О-о, тамаша! Бұл да несиеге байланысты шұбырта сауалдар қойды. Ақыры «жеке кабинетке» кіріп, биржадағы сатылымға шығарған валюталар кестесіне үңілдік. Шоттағы ақшаның 10 пайызына АҚШ долларын сатып алдық, ол автоматты түрде қайта кері сатылып кетеді екен. Шотымда 104 доллар 56 сент болды.

– Міне, өстіп, ақшаны жинаймыз, айдың соңында шешеміз, – деді трейдер-аналитигім (брокерім). Бірақ мен өте аз қаржымен жұмыс істегім келмейді. Сіз менің 107-клиентіміз. Маған сомасы қомақты клиенттермен істес болған қолайлы. Бұл жерде әр операцияға бірдей уақыт жұмсалады, сондықтан көп қаржы салып отырған инвестормен жұмыс істегенім тиімді. Шотыңызды толтырмақ ойыңыз бар ма?

– Бір ай көрейін, егер бәрі дұрыс болса, ол да мүмкін.

Міне, алдау өстіп жалғаса берді. Екінші күні Артемнің сөзі бұзылды. «Сізбен бүгін менің көмекшім жұмыс жасайды, мен басқа қалаға кетіп бара жатырмын. Мынау +44-774-194-45-83 менің екінші нөмірім, осыдан хабарласады» дегенді айтып, құйқылжыта бастады.

– Жақсы, осы жерден тоқтайық, ақшамды қайтарыңыз дедім. Байланыс нашарлап кеткендей ол «алло-алло» деп дауыстап, жұлгені үзіп жіберді. Дереву Евгениймен хабарласып, «ақшамды қайтарыңдар» дедім. Ол «аналитикке айт, менің ақшаны шешу процесіне қатысым жоқ» деп бәйек қақты.

– Аферист, мошенник! – дедім. Байланыс үзілді. Қайта теріп едім, басып тастады. Алаяқтарға тап келгеніме, олардың қолына өткен қаржы ешқашан қайтарылмайтынына нақты көзім жетті.

9999 НӨМІРЛІ ТЕЛЕФОН

«Енді не істеу керек?» «Каспий банкке» телефон соқтым. Айтқандайын бұлардың халыққа беріп қойған 9999 нөмірімен хабарластым. «99» дегені біртүлі әсер етеді екен. Ең әуелі сұрағым, «Kaspi Profit» платформасы туралы болды. Ондай жоқ екен. Ғаламторды шарлап, ақпарат іздемегеніме өкіндім.

– Сіз «Каспий банктің» негізін қалаушы, инвестор, акционер, басқарма төрағасы Михаил Ломтадзеңің өз бейнесімен, өз дауысымен «Kaspi Profit» платформасына қатысуға елді шақыратыны туралы бейнероликті білесіз бе?

Үндемеді.

– Білсеңіздер, өтірік ақпаратқа неге тосқауыл қоймайсыздар? Сіздерде ақпаратты қорғау, жалған мәліметке жол бермеу сияқты қызметтер бар ма? Олар неге бұл мәселеге көңіл қоймайды. Сіздердің банктің атымен қаншама адам алаяқтарға алданып, ақшаларынан айырылуда. Қайсыбір адамдар банктегі ақшасын шешіп, жұмсап жатыр. Сіздер клиенттеріңіздің депозиттерін басқа жаққа жұмсағанына бейжай қарайсыздар ма? – деген сауалдар қойылды. Әлті менеджр қыз өзінің ештеңеге қатысы жоқ екенін айтып, басын алып қашты.

– Қазіргі біздің әңгімеміз жазылып жатыр ма?

– Иә.

– Олай болса, осы әңгімені басшыларыңызға беріңіздер, естісін. Мүмкін алдағы уақытта шара қолданаар, – дедім. Бұдан өзге ештеңе айта алмай, тұтқаны қойдым.

(Жалғасы бар)

Әділбек БЫБІРАЙЫМҰЛЫ, жазушы-журналист



ЖАЗУШЫНЫҢ «ЖАРЫҚ ДҮНИЕСІ»

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанованың 60 жас мерейтойына арналған «Жарық дүние» атты шығармашылық кеші өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұйымдастырған іс-шараға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам, өнер қайраткерлері, қалалық мәслихат депутаттары мен қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, өнерсүйер жұртшылық, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан, Германия, басқа да мемлекеттерден келген қонақтар қатысты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаламгерге жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

«Құрметті Роза Қажығалымқызы! Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын! Өзіңізді отандастарымыз қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Көп жыл бойы ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді өркендетуге сүбелі үлес қосып келесіз. Қаламыңыздан шыққан тартымды туындыларға заманның үні, қоғамның тынысы және адамдардың жан дүниесінің асыл қасиеттері арқау болды. Сіздің қолтаңбаңызда қайсар мінезді абзал ана, қайраткер әйел бейнесін жасаудағы суреткерлік шеберлігіңіз анық байқалады. «Мәңгілік бала бейне», «Фариза», «Бопай ханым» және басқа драмалық шығармаларыңыз театр сахнасында қойылып, көрермен тарапынан жоғары бағасын алды. Алдағы уақытта оқырмандарды жаңа туындыларыңызбен қуантып, жұртшылықтың сый-құрметіне бөліне беруіңізге тілектеспін» делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Сенат спикері өз тарапынан қалың оқырман Роза Мұқанованы жазушылықты бәрінен биік қойған және жазуды

бақыт санап, кие тұтқан суреткер ретінде танытынын атап өтті.

«Сіз сезімтал және сырлы шығармаларыңызбен әдебиетсүйер қауымның жүрек төрінен орын ала білдіңіз. Ұлт әдебиетінде, қазақ руханиятында сіздің орныңыз ерекше» деген Мәулен Әшімбаев бұл тойды тек жазушының ғана емес, тұтас қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің, қазақ театрының тойы деп атауға негіз барын айтты.

«Қаламгердің «Жарық дүние» деген атпен басылып шыққан алғашқы жинақтарының бірі қалың оқырманның олжасына айналып, көпшіліктің жоғары бағасын алды. Содан бергі уақытта жазушының қаламынан туған «Дүние кезек», «Құдірет кие», «Шатыр астындағы мен», тағы басқа кітаптары төл әдебиетіміздің алтын қазынасына айналды. Жалпы Роза Қажығалымқызының шығармашылығында әйел образы, әйел бейнесі айрықша орын алады. Тіпті, біз Роза Мұқанованы әйелдің күрескерлік табиғатын ашқан жазушы деп те айта аламыз. Бұл ретте «Мәңгілік бала бейне», «Сарра», «Фариза», «Бопай ханым» сияқты пьесаларын ерекше атап өтуге болады. Мұның бәрі қазақ драматургиясын дамытуға қосылған үлкен үлес екені анық» деді Сенат төрағасы.

Ол аттары аталған шығармалардың көбі бұл күндері елордада қаламгердің мерейтойы аясында өтіп жатқан халықаралық театр фести-

валінде көрсетіліп жатқанын еске салды. Соның ішінде көпшілік көрерменнің сүйікті драмасына айналған «Мәңгілік бала бейненің» шоқтығы биік екенін атап өтті.

«Расымен солақай саясаттың зардабын тартқан Ләйләнің тағдыры ешкімді бейжай қалдырмайды. Бұл туынды – жай пьеса емес, дәуір шындығын қамтыған, ұлттың мұңын, қасіретін ашық көрсеткен, халқымыздың сол кезеңдегі күйін жеткізген жанайқай. Сондықтан мұндай шығармалар ешқашан ескірмейді. Жалпы Роза Қажығалымқызының әр шығармасынан өзінің болмысы, мінезі, рухы сезіліп тұрады. Бұл, әсіресе жазушының драматургиясынан анық байқалады. Ұлттық киноиндустрия саласында да Роза Мұқанованың өз қолтаңбасы бар. Бұған жазушы шығармалары желісі бойынша түсірілген көркем фильмдер айқын дәлел. Құрметті Роза Қажығалымқызы! Сіз қаламгерге тән талғампаздықпен жазушылық парызыңызды адал атқарып келе жатқан, сол арқылы халықтың ыстық ықыласына бөленген жансыз» деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат спикері Роза Мұқанова туралы айтқан кезде жазушының жұбайы, қабырғалы қаламгер Әкім Таразиге де тоқталмай кету мүмкін еместігін атап өтті.

«Әкім ағамыз Роза жеңгеміздің өмірі мен шығармашылығына үлкен серпіліс әкелген тұлға десек, қателесе

қоймаспыз. Алдағы уақытта да бір-бірін толықтырып, шабыттандырып, жаңа шығармалар жазуға жетелеген қаламгерлер отбасы ретінде сіздерді айрықша құрметтейміз. Осы орайда жарының шығармашылықпен айналысуға бар жағдайды жасап, қолдау көрсетіп келе жатқан Әкім ағамызға да айрықша алғысымызды айтамыз» деді Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Шығармашылық кеште жазушы туындыларынан үзінділер көрсетілді. Атап айтқанда, «Сарра», «Сен», «Фариза» драмалары, «Мәңгілік бала бейне» қасіретнамасы мен «Бопай ханым» тарихи трагедиясынан әсерлі көріністер ұсынылды. Бұл сахналық сценаларды Сая Тоқманғалиева, Гауһар Жүсіпова, Нұркен Өтеуіл, Жәнипа Хасенова, Жанат Чайкина, Әділ Ахметов, Ләйла Бекназар-Ханинга, Сырым Қашқабаев секілді танымал әртістер орындады. Кеш ән-би, күймен көркемделді. Талантты әнші Өзгеріс Шерікбай Абай Құнанбайұлының «Татьяна-ның хатын», Жұбаныш Жексенұлы халық әні «Шәпибай-ауды» әулетті. «Гәкку» жетігеншілер ансамблі «Балапан қаз» халық әнін, Алматы Сайжанов Ықыластың күйін орындады. «Гүлдер» би ансамблі «Қуаныш думан» және «Сырласу» билерін биледі.

«Осы мерейлі жастың бір асуына келген сәтте сіздермен жүздесудің, осындай бір мезеттің сәті туды. Мен ең әуелі әдебиетке алғысымды айтамын. Содан кейін менің досым, менің жарым, менің Әкім Таразиіме рақмет айтамын. Жазу тазалықтан туады, ақиқаттан туады. Жазу шын мәнінде жалған айтпайды. Жазу үстінде Алланың алдындан отырғандай сезінетінің де рас. Сондықтан көңілдеріңізден шыққан шығармаларым болса, мен ең алдымен өздеріңізге қадірлі оқырман, патша көңіл көрермен сіздер-машылығына үлкен серпіліс әкелген тұлға десек, қателесе Роза Мұқанова.

МҰҚАНОВА ТУРАЛЫ МОНОГРАФИЯ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында белгілі жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Франц Кафка медалінің иегері, профессор Роза Мұқанованың 60 жас мерейтойына арналған «Роза Мұқанова шығармашылығы: әдебиет, театр, кино» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция аясында «Драматургия сардары» ұжымдық монографияның тұсаукесер рәсімі болды.



Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға шетелдік ғалымдар, әдебиет және өнер қайраткерлері қатысты. Олардың арасында аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты, Асун университеті «Шет тілдер» факультетіндегі «Орыс тілі» кафедрасының меңгерушісі Мұхаммед Рияд (Египет), жазушы, драматург, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі Жавлон Жовлиев (Өзбекстан), аудармашы, PhD докторы, Қажы Байрам Уали университетінің профессоры Жемиле Қынажы (Түркия), Хаджеттепе университетінің «Әдебиет» факультетіндегі «Қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеті» кафедрасының ғылыми қызметкері, өнер магистрі Сабина Саид (Түркия) және өнер магистрі, Фрайбург университетінің докторанты, әдебиеттанушы Верена Цабель (Германия) бар.

Қазақ ұлттық өнер университеті ректорының м.а., профессор Раушан Нұртаза Роза Мұқанованың шығармашылығы туралы айтып, жазушының алдағы шығармашылық жолына сәттілік тіледі.

– Бұл өмірде өзін іздейтін шығармашылығындағы әр жаңалықты асыға күтетін оқырманы бар қаламгерден бақытты кім бар? Қазақ театрын «Мәңгілік бала бейне», «Сарра», «Фариза» сынды туындыларынсыз елестету

қиын. Бұл туындылар әлемдік сахналарға жол тартты. Ұлт әдебиеті мен мәдениетінің керегесін кеңейту жолында қаламгердің қосқан үлесі зор. Профессор Роза Мұқанованы шәкірттері өте жақсы көреді. «Роза Мұқанованың шәкіртімін!» дегенді мақтанышпен айтады. Сондықтан алдағы уақытта да оқырмандарыңызды классикалық шығармашылығыңызбен таңғалдырудан танбаңыз, – деді Раушан Сабыржанқызы.

Жиын барысында жазушылар мен журналистер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері мен шетелден келген қонақтар сөз алып, Роза Мұқанованың әр әңгімесі туралы кеңінен сөз қозғап, шығармашыл тұлғаның таланты мен талғамы туралы, шығармасындағы ой иірімдері, оның шеберлігі туралы жан-жақты әңгіме қозғады.

Екі күнге созылған халықаралық конференцияда кітаптың тұсаукесерінен бөлек Германиядан, Түркиядан келген ғалымдар, ел театртанушылары жазушының шығармашылығы туралы шеберлік сағатын өткізді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ АРТЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛАП ЕТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ҚР заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету шеңберінде қала бойынша көрсетілетін қызметті берушілерге жоспарлы тексерулерді жүргізеді.

Әрбір мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі тиісті Қағидалармен айқындалады және азаматтардан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін қамтиды.

Осылайша, ағымдағы жылдың 2 тоқсанында Департаментпен Астана қаласының

Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына тексеру жүргізіліп, нәтижесінде «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 500-ден астам қажетсіз құжаттар фактісінің орын алғандығы анықталды. Мысалы, қызмет алушылар

негізгі құжаттардан бөлек мүгедектік, көп балалы аналардың, зейнеткерлердің және т.б. анықтамаларын қоса ұсынған.

Мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес жоғарыда көрсетілген құжаттар көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесіне кірмейді.

Тексеру нәтижелері бойынша аталған басқармаға халық арасында мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу бойынша ұсыныстар берілді.

Егерде Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықта-

рыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» telegram-бот арқылы «Үкәлітеті» органға өтініш» бөлімінде жүгіне аласыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2024 жылдың 12-15 қарашада сағат 10.00-де өтеді, мекенжайы бойынша: Конституция көш., 14 н.п.2 тел. +7 747 527 5001

ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР ЖҮЛДЕСІ

Аманат партиясының «Ұлы дала» байқауы аясында аталмыш партияның Астана қалалық филиалы ұйымдастырған жас қаламгерлер байқауының жеңімпаздары анықталды. Марапаттау рәсіміне аталған партияның елордалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, қалалық мәслихат депутаттары, белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.



Байқау 20-45 жас аралығындағы авторлар арасында «Поэзия», «Проза», «Балаларға арналған шығарма» аталымдары бойынша ұйымдастырылды. Оған барлығы 47 туынды келіп түсті. Көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, белгілі ақын, сыншы Сұраған Рахметұлы бастаған қазылар алқасы солардың арасынан жеңімпаздарды анықтады.

«Поэзия» аталымында 3-орынды Алтынбек Мерсадық, 2-орынды Қабиден Қуанышбай, 1-орынды Наурызбек Сарша иеленді. «Проза» аталымында 3-орын Ілияс Қыдырбаевқа, 2-орын

Есбол Нұрахметке, 1-орын Бақытбек Қадырға бұйырды. «Балаларға арналған шығарма» аталымындағы жүлделер былайша бөлінді: 3-орын – Нұрбек Кеңесбай, 2-орын – Диана Қалдалы, 1-орын – Айдана Қайсарбекқызы.

Сонымен қатар арнайы жүлделер тағайындалып, тапсырылды. Кәкімбек Салықов атындағы арнайы жүлде – Қарлығаш Қабай, Ақселеу Сейдімбек атындағы арнайы жүлде – Арманбек Жәкейхан, Несіпбек Айтұлы атындағы арнайы жүлде – Біржан Ахмер, Ғабиден Құлахмет атындағы арнайы жүлде – Мырзатхан Танзираұлы.



МАЭСТРОНЫҢ ЕРЕКШЕ КЕШІ

Қазақ өнерінің таланттар шоғырында жұлдызы жарқырап тұратын тұлғаның бірі – әлемге әйгілі скрипкашы Марат Бисенғалиев «Астана Опера» театрында ғажайып концерт берді. Талантты скрипкашы әрі дирижер, «Қазақстанның ізгі ниетті елшісі» Марат Сәметұлының бірегей «Симфониялық концертті» атты музыка кеші аншлаппен жоғары деңгейде өтті.

Концерттің басты ерекшелігі – оның айрықша акустикалық шешімі. Марат Бисенғалиев авторлық жұмысы ретінде осы жолы квадродыбыстау әсерін паш етті. Бұл – оркестр мен хордың жекелеген топтарының сахнада ғана емес, залдың арнайы акустикалық аймақтарында орналасуы. Ол голографиялық дыбыс жасап, эмоциялық тұрғыда тыңдармандарға зор әсер етті.

Кеш бағдарламасында «Дала»,

«Air», «Би», «Абай», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қарлығаш», «Дударай» секілді басқа да танымал композициялар таңғажайып орындауымен есте қалды. Дарынды саксофоншы Арухат Мусаипов кештің сәнін келтірсе, оған мультиаспапшылар Серік Нұрмолдаев, Анар Қасымова, Абзал Арықбаев пен Асқар Солтанғазин қосылып, тамаша музыка кешін айрықша әсерге бөледі. Хор партияларына да ерекше назар

аударылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бейімбет Демеуов «Астана Опера» хорын ерекше шабытпен басқарды. Ал өзінің әсерлі орындауымен кешке нәзіктік қосқан жас вокалист Анна Юденич классикалық өнер салтанат құрған концерттің маңызын үстей түсті. Оның ғажайып дауысы көрермендердің жүрегін жаулады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ЖЕТКІНШЕКТЕР ЫҚЫЛАСЫН ОЯТТЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №3 балалар кітапханасында жас жазушы Елдос Тоқтарбайдың «Тау құсы» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шараға белгілі журналист-жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Жанат Елшібек қатысып, авторға ағалық ақ тілегін жеткізді.



Бұл кітапқа балаларға арналған әңгімелер мен ертегі-хикаяттар енген. Туындыға жеткіншектердің ықыласы өте жоғары болып жатыр. Кітаптың бірінші, екінші, үшінші басылымдары лезде таралып кетті. Қазір 10 мың данамен шыққан төртінші басылымы сатылып жатыр. Кітап «Абай» телеарнасының «Үркер» бағдарламасында да талқыланды.

«Социалистік реализм балалар әдебиетіне де әсер еткен. Елдостың жаңа кітабы осының бәрін түсініп барып жазылған» деді бағдарлама жүргізушісі, көрнекті жазушы Жүсіпбек Қорғасбек.

Ал автордың айтуынша, кітапта мораль оқу мен дидактика жоқ. Кітапты оқып отырып, бала өзінің қателігін өзі түсінеді. Кітаптағы әр шығарманың тілі көркем, жеңіл оқылады. Әр туынды өз оқырманының көңіліне әсер етіп, елі мен жерін сүйеге, төл тарихын қастерлеуге шақырады.

Тұсаукесерде автор оқырмандарға игі тілегін айтып, кітап оқуға деген ықыластарының күннен-күнге артуына тілектестігін жеткізді. «Тау құсы» балалардың сүйікті кітабына айналады деп сенім білдіріп, жас оқырмандарға қолтаңба жазып берді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



ҮШ ДҮРКІН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Күрес түрлерінен Албанияда өткен әлем чемпионатында 72 келіде бақ сынаған астаналық Жәмила Бақбергенова үшінші рет күміс жүлдегер атанды.

Жәмила Бақбергенова қазақ қыздары арасынан әлем чемпионатынан 4 мәрте жүлде алған алғашқы балуан атанды. Ол осыған дейін 2021 және 2022 жылдары әлем чемпионатының финалына шыққан, сондай-ақ 2023 жылы қола жүлдегер атанған. Азия чемпионатында үш рет жеңіске жеткен. Ал Тиранада әлем біріншілігінің финалында үшінші рет күрескен астаналық балуан алтын үшін белдесуде

жапониялық Ами Ишиге есе жіберді. Енді Жәмила әскерилер арасындағы әлем чемпионатына қатысатын болады.

Жалпы, Албанияда өткен әлем чемпионатында қазақстандық балуандар арасынан Нұрқожа Қайпанов (еркін күрес) алтын, Ержет Жарлықасын (грек-рим күресі) мен Жәмила Бақбергенова (әйелдер күресі) күміс жүлдегер атанды.